

П И О Н Е Р



Июль

1951 жыл
Алматы

№ 7

ЖАҢБЫР

Жаңбыр бұлтты үйірін,
Жарқ етті тунғыш найзағай,
Көк жүзінде жалтылдап,
Бейне бір күміс найзадай.
Күр-күр кетті аралап
Аспанның күмбез шатырын.
Жаңбырдың бірер тамшысы
Тыра етті жерге ақырын.

Узамай көктем сорғалап
Маржан моншақ құйылды.
Көк шөптегі шаң-тозан
Еурқ етті де, тыйылды.
Жаңбырағын жазып жас бидай
Толқыды жасыл сағымдай.
Сүйсініп балғын егіске
Мыйықтан күлді Сағымбай.

Жайқалып жатқан жазыққа
Суретшіше ол қарады.
Жасыл теңіз жай ғана
Ырғала узап барады.
Көк жлекпен шөктескен
Көз жеткісіз кең алап.
Агроном аға шаттанып,
Қара муртын қойды орап.

Муншама кең өлкені
Неткен күш, шіркін, игерген!
Осы бір батыл еңбекке
Басшылық еттің, білем, сен.
Қақаған қыста қар ұстап,
Қалың ғып қоң төктірдің.
Әр дәнді көзден өткізіп,
Сұрыптап алып ектірдің.

Түрешің кәзір балауса
Жас егінге қуанып,
Жазғы жаңбыр астында
Шаттыңда жанды суарып.

Әбу САРСЕМБАЕВ.





ПИОНЕР

№ 7

Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің
айына бір рет шығатын балалар журналы

И Ю Л Ъ

1951 ЖЫЛ

Шығуына 13-жыл.



*Ауыр машина жасау за-
водының пионерлер ла-
герінің 7-отряды Теріс-
кей Алатауда саяхатта
жүр.*

Сурет түсірген
П. Редько



АУЫЛДАҒЫ ЖАС ДОСТАРҒА ХАТ

Қымбатты балалар, мал шаруашылығын бұрынғыдан да дамыту, егіннен мол өнім алу, елімізде азық-түлікті, ет, сүт, май, жүн, қант, мақта, картоп, жеміс молшылығын жасау жолында сендердің ата-аналарың, ағаларың колхоздарда қажырлы еңбек етіп жатыр.

Мал шаруашылығы — республикамыз колхоздарының негізгі байлығы. Сталин жолдастың нұсқауларына сүйене отырып, мал өсіруші колхозшылар, Социалистік Еңбек Ерлері мал шаруашылығын өркендетуде табыстан табысқа жетуде. Тәлді жақсы күтіп, малдың сапалы түрлерін өсіруде.

Егін шаруашылығының озаттары да түрлі дақылдардан мол өнім алып келеді. Атақты тары өсіруші Шығанақ Берсеев марқұмның, күріш өсірудің шебері Ыбырай Жақаев, Ким Ман Сам, қызылша өсіруші Дариха Жантоқова, Битай Тәтенова сыяқты дүниежүзілік рекордшы еңбек ерлерінің есімі жұрттың бәріне мәлім.

Таңдаулы колхозшыларымыз мұндай табыстарға агротехникалық ғылымды тәжірибеде қолдана білгендіктің арқасында, колхозымызда мемлекетіміз жасақтап берген бай техниканы дұрыс пайдалана білгендіктің арқасында жетті.

Қымбатты балалар, сендердің алларыңда зор міндеттер тұр. Сендер бұл патриоттық ұлы істе фермада, егіс даласында, мал азығын дайындау ісінде қажырлы еңбек етіп үлкендерге зор көмек көрсете аласыңдар. Оның үстіне жазғы демалыстарыңды әрі жемісті, әрі пайдалы өткізетін боласыңдар. Колхозда бір жағынан жұмыс істеп, көп пайда келтірсеңдер, екіншіден мектепте алған білімдеріңді зерделеріңе құя түсесіңдер, келешекте өнерлі азамат болу жолында қажетті түрлі іскерлік қасиеттерге баулынасыңдар.

Колхоз жұмысы сан алуан. Әрқайсыларына өз шамаларың келетін қызықты жұмыс таңдап алуларыңа мүмкіншілік толық. Айтайық, асыл тұқымды құлынды, бұзауды, қозыны күтеді екенсің. Мұның аты келешек майталман жүйрікті, семіз сыйырды, қоралы қойды өсірді деген сөз емес пе?! Мал азығын дайындау да — өте қызықты жұмыс. Шөпті жыюға, маялауға, фермаға тасуға, сүрлеуге тағысын тағы сондай жұмыстарға да қызу араласа аласыңдар. Малды жайып бағуда да сендер көп пайда келтіресіңдер және көп нәрсеге үйренесіңдер. Үлкендердің басшылығымен малды өргізу, жаю тәсілдеріне жетілесіңдер. Қысқасы колқабыстарың шаруашылығымыздың бұл саласын көркейтуге көмектеседі.

Колхоз даласында, огородтарыңда, бау-бақшасыңда мол өнім алулы көздейміз. Бұл үшін қажырлы еңбек ету керектігі де түсінікті. Үлкендермен бірге сендер арам шөп жұлуга, зыянкес жәндіктерді жоюға, егінді мерзімінде суаруға, тыңайтып отыруға күш жұмсауға тиіссіңдер. Сондай-ақ, егін орағы кезінде өнімді ысырапсыз тез жыйнап алуға да қатыса аласыңдар. Бұл жұмыста ең кішкентайларың да масақ теру сыяқты жұмысқа араласып колхозға көмек ете аласыңдар.

Колхоздарда орман алқаптарын өрістету ісіне де ат салысыңдар. Бұл табиғатты қайта жасау жолындағы сталиндік жоспарды орындау ісіне қосқан үлкен үлестерің болады.

Өздеріңнің мектеп жанындағы учасоктарыңда да жұмыс істеуге тиіссіңдер. Бұл учасоктардан мол өнім алсаңдар — колхозда озат ауыл шаруашылық тәжірибесін насихаттаушы, үгіттеуші бола алғандарың.

Қымбатты жас достар! Қоғамдық мал шаруашылығын дамытуға, колхоздарда ауыл шаруашылық дақылдарынан мол өнім алу жолындағы бүкіл халықтық күреске бірің қалмай атсалысыңдар. Бұл сендердің ардақты борыштарың. Өйткені, сендер пионерсіңдер. Ал, «пионер болу дегеніміз — қоршаған өмірді жақсартуға араласу, оны қалай етсе, жақсартуға болатындықтың жолын ойлау деген сөз» (Н. К. Крупская).

Бұл аса маңызды істе зор табысқа жетулеріңе тілектесімін, достарым.

А. ДАУЫЛБАЕВ.

Қазақ ССР ауылшаруашылық министрі.



Иш. № 558000

Вкл. лист

Дария басында

М. ДУЙСЕНОВ

Нұрлан күн шығысымен-ақ Саттарға келді. Бұл екеуі кеше қармақ салуға келіскен болатын.

Нұрлан келгенде, Саттар да дайындалып отыр екен.

— Көлге барамыз ба? — деді Нұрлан.

— Жоқ, дарияға барамыз.

Олар Сырдарияға бет алды.

— Жем алдың ба? Мен қамыр алдым, — деді Нұрлан.

— Балық шегірткені қапқыш келеді, — деді Саттар, — міне, мына жерде көп екен, кел ұстайық.

Екеуі шегіртке қуып кетті.

Қолындағы жіңішке шыбығын қанша сілтесе де, шегірткеге тигізе алмай, жер сабалап жүрген Нұрлан:

— Саттар, мына көк шегірткені ұсташы, — деді айқайлап.

— Өзің неге ұстамайсың?

— Мен ұстай алмадым, өзі қашаған екен.

Саттар жақындап келді де, басындағы жұқа қалпағын алып, шегірткенің нақ үстіне тастады да, сөкірген шегірткені ұстап алды.

— Шегірткені таяқпен ұрып ұстау қыйын болады, — деді Саттар өзінің екі-үш жас үлкендігін білдіре сөйлеп.

Саттар мен Нұрлан түскен кішкентай жалғыз аяқ жол оларды дария інісіне алып келді. Лайланған дария суы сарғыш тартып ағып жатыр. Кей жеріндегі шымырлаған иірімдер су ағысының қатты екенін байқатады.

— Бұл жерден қармағымызды ағыс алып кетеді және ағынды жерде балық та аз болады, — деді Саттар, — ағысы жоқ қойнау тауып алайық.

Дарияны жағалай жүріп, олар өздеріне ыңғайлы орын тапты да, қармақтарына жем шән-

шіп, суға лақтырды. Олар біразға дейін қалтқыдан көз алмай үнсіз отырысты.

— Ала бұға, ақ сазан, қармағымды қап сазан, — деп Саттар жеміне түкіріп, қармағын суға қайта лақтырып қойды.

Нұрлан қармағын жиі-жиі көтере берді. Көтерген сайын жемі жоқ болып шығады. Балық жеді дейін десе, қалтқысы да қыймылдамайды.

— Сен қармағыңды көтере берме. Жемінді балық жеп жатқан жоқ, суға езіліп, өзінен өзі түсіп жатыр, байқаймысың, — деді оған Саттар сыбырлап.

— Қалтқым қыймылдамайды, — деді Нұрлан көңілсіз, — екінші қамыр шанышпай болмас.

Нұрлан балық қаба қоймағанға зерігіп кетті. Тықыршып отырған орнынан қозғала берді.

— Әй сен көп қозғала берме, балық үркіп келмей қояды, — деді Саттар.

— Бәрі бір қармаққа қабатын түрі жоқ...

— Қызықсың ғой, оңайлықпен балық алғыза ма, төзу керек емес пе? Төзбесең, бәрібір түкте ала алмайсың.

Төзімсіздігінен бе қалай, Нұрланның, шындығында да, жолы болмады. Тым болмаса бір балық қапсайшы... Ал, Саттарға сазандар «үйірінен үш тоғыз» болып ілініп жатыр.

Олар ақырғы жемдерін шәншіп жатқанда, кенет, сол маңнан мылтықтың дауысы шықты.

Соңғы жемдеріне іштеңе ілікпеді, қармақ бауларын сабына орады да, алған балықтарын жыйнастырып, олар жолға түсе бергенде, алдарынан тағы да мылтықтың дауысы естілді. Сүйткенше болмады. Нұрланның алдына бір қырғауыл топ ете қалды. Жерге бар салмағымен түскен қырғауыл жүгіруге шамасы келмей, жатқан орнында тыпырлап, аяғымен



жер тырнап оң қанатын қайта-қайта серпіп қояды.

Саттар да, Нұрлан да алғашқы да сасып қалғанды. Әдемілігіне қызықты ма, әлде қашып кетеді деп ойлады ма, Нұрлан қырғауылды қапсыра кұшақтап жаңағы қармақ салған жиекке түсті.

— Әдемі қырғауыл екен, — деді жүгіріп келген Саттар, — тірі ме өзі?

— Тірі, тірі... олжаға кенелдік, — деді Нұрлан қуана жауап қатып.

— Не қылған олжа?! Атқан иесін қайда қоясың?

— Қайдағы иесі, өзіміз алмаймыз ба?

— Жок, болмайды, иесіне табыс ету керек, — деді Саттар, — ол іздеп таба алмай жүрген болу керек.

— Мен мұны асырайын да, — деді Нұрлан беруге қыймай, Саттарға қыйыла қарап.

— Иесіне көрсетпей ме?..

Мылтығын білегіне салып, жүгіре басып келе жатқан кісіні көргенде Саттар:

— Ағай! — деп айқайлап жіберді.

Сол кезде Нұрлан қолындағы қырғауылды Саттардың алдына лақтырып жіберді де, өзі үнсіз тұрып қалды. Саттар қырғауылды алып жиекке шыққанда, әлгі мылтық ұстаған өзінің оқытушысы Дүйсембай ағай екенін білді. Дүйсембай ағайды көргенде, Нұрлан ұялып: «Саттар менің бермейік» дегенімді айтып қояды-ау» деп қысылды. Бірақ Саттар оны айтпады.

— Саттар! — деді мұғалім күлімдеп, — берірек кел, осы қырғауылды саған байладым... ала ғой.

— Жок, ағай, алмаймын...

— Ұялма, ағаң берген екен, ал, — деп Дүйсембай ағай қырғауылды Саттардың қолына ұстатты да, өзі ілгері қарай кете берді.

«Ол қырғауылды ұстап алған мен едім ғой, өзім апарып бермеген екенмін», — деп Нұрлан ішінен өкінгендей болды.

Саттар сыйлыққа алған қырғауылды сыйрағынан ұстап, жүгіріп Нұрланға келді де:

— Мә, енді ала бер, — деп қырғауылды Нұрланның алдына тастады.

Нұрлан үндей алмай қалды.

Ол ұялғандықтың белгісі еді.

ҚЫЗЫҚТЫ ЖОРЫҚ, КӨҢІЛДІ ДЕМАЛЫС

Біздің мектептің оқушылары жазғы демалысты қызықты өткізе бастады. Бұл үшін алдын-ала жоспар жасалды. Жоспарда пионерлер қай уақытта, қандай істермен шұғылданатыны айқын көрсетілді. Алғаш рет мектебіміз жанынан лагерь ашылды. Лагерьде 300-ден астам пионер бар. Олар өзі сүйген ісімен шұғылданады.

ЖАС ӨЛКЕТАНУШЫЛАР

— Я, айтса, айтқандай-ақ табиғаты бай екен! Айнала ну орман, көк жамылған тау... Көл деген некен көп! — деп масаттана әңгімеледі Төлеген Әбжанов.

— Сол өңірде бір кезде Қозы-Көрпеш те болған деседі ғой. Сол рас па екен? — деді манадан үнсіз келе жатқан Қапаш Мұстафина достарына қарап.

— Сабынды көл туралы естуім бірінші рет. Шомылғанда суы өзінен-өзі, кәдімгі сабындай көпіріп тұрады, дейді. Сонда онысы қалай болғаны? Ғажап! — деді Күлқайым Темшиева әдеттегісінен қыза сөйлеп.

Бұл төменгі класс оқушыларының облыстық өлкетану музейіне жасаған экскурсиядан алған әсері еді. Әңгіме Баянауыл ауданы туралы еді. Пионерлердің ын-

тықтығы ескерусіз қалдырылған жоқ. Жорық картасына: «Павлодардан Баян ауылға саяхат» деген тағы да бір қосымша бөлім енгізілді. Ол саяхатқа кімдер, қанша пионер баратыны нақты белгіленді. Жорықшыларды басқару биология пәнінің мұғалімі Қайсеттер Биболовқа жүктелді. Жорықшылар сапарға аттанды.

Жорықшылардың екінші бір отрядын география пәнінің оқытушысы Рәзия Нұрпеисова басқарады. Бұл отрядтағылардың да саяхаты өте қызық. Жас жорықшылар Ертіс өзенін бойлап, әлденеше километр жоғары көтеріледі. Ертіс — суы мол, кеме қатынасына нағыз қолайлы өзен. Халық шаруашылығы үшін Ертістің маңызы да күшті. Соңғы аз уақыт ішінде өзен жағалауында миллионер колхоздар мен совхоздар пайда болды. Жорықшыларды осы колхозды ауылдың шалқыған өмірі қызықтырды. Осы мақсатпен олар Жамбыл атындағы колхозда болады. Онда қыруар салалы колхоз шаруашылығымен танысады. «Гүлденген колхозды ауыл» атты альбом үшін материал жыйнайды.

Жорықшыларымыздың енді бір тобы «Октябрьдің 14 жылдығы» және «Ерік» колхозында болады. Екі колхозда да мектеп бар. Міне, біз ауылдық достарымыздың да демалысты жақсы өткізуіне көмектесеміз. «Пио-

нер барлық істе де үлгі», «Үш ұрпақ», «Медальмен, орденмен наградталған пионерлер» деген тақырыпта әңгіме өткізіледі. Жаңа ән, би үйретеміз. Өсімдіктерден гербарий, жәндіктерден коллекция құрастырамыз. Бұл біздің пионерлердің мектепке арнап әзірлейтін ең бағалы сыйының бірі болмақ.

Қала өмірінен де не тамаша жаңалықтар білуге болады. Мәселен, қала ішінде ұйымдастырылатын саяхаттар, серуендер туған қала туралы көп нәрселерді аңғартады. Жорықшылар ет, сүт, консерві және Октябрь заводына, пристаньға, кеме жөндеу заводына, мәдени орындарға, парктерге... саяхатқа шығады. Оқушылар күзге жақын журнал шығаруды ұйғарды. Журнал «Туған қала тарихынан» деп аталады.

МИЧУРИНШІЛЕРДІҢ ІСІ

Бұрын мектебіміздің ауласында жалғыз түп те ағаш жоқ еді. Енді олай емес. Аула іші жайқала өскен ағаш, қош иісті гүл. Быйыл көктемде жаңадан 70 түп терек, 15 түп алма ағашы, 5 түп жаңғақ, 30 түп қайың, 10 түп қарағаш, 45 түп шырша, 150 түп акация отырғызылды. Мектеп іргесіне отырғызылған барлық ағаш 670 түп. Көп пионер жазда мичуриндік участокте болады. Мичуриншілер, гүл және ағаш звеносына бөлінді. Әрбір звенода 20 пионер бар. Мичуринші пионерлердің ғылыми-байқау, тәжірибе жұмыстарын жүргізуіне де жағдай толық. 150 шаршы метр жерге түрлі дақылдар егілді. Пионерлер тамаша ғалым Докучаев, Костычев, Вильямс, Лысенко негіздеген ауыспалы егіс жүйесін меңгеру ісімен де шұғылданады. 5 «е» класындағылар алдына оwoщтан мол өнім алу мақсатын қойды. 5 «а» класс оқушысы Майра Аянованың звеносындағылар бұршақтың жергілікті жағдайға бейімделген жаңа түрін өндірді.

ПЕДСОВЕТТІҢ ҰЙҒАРУЫ БОЙЫНША

Жазғы демалысты қалай көңілді өткізу туралы педагогтер советінде әдейі мәселе қаралды.

«Лагерьде үйірмелер ұйымдастырудың маңызы зор. Үйірмелерде жұмыс жан-жақты жүргізілуге тиіс. Сондықтан әрбір үйірме жетекшілігіне мұғалімдер тағайындалсын» деп ұйғарды, педагогтер советі.

Осылай істелді де. Қазір лагерьде: әдебиет, тарих, өлкетанушылар, мичуриншілер, хор, бишілер, домбырашылар, кестешілер, авиамодельшілер үйірмесі және спорт секциялары жұмыс істейді. Барлық үйірменің жетекшісі де мұғалім. Мұғалима Қәбжан Қамалова басқаратын хор үйірмесіне 100-ден астам оқушы мүше. Үйірме жұмысы ұйымдасқан түрде жүргізілуде. Хор композитор Александровтың «Сталин туралы кантатасын», Новиковтың «Демократияшыл жастар гимнін» үйренді. Әншілер Зейнекүл Алиакбарова, Зура Серікбаева, Қазтай Әбжанова — «Жайлау», «Домбыра», «Алтай», «Қуанам» әндерін тамаша орындайды. Хор үйірмесіндегілер август айында өткізілетін ән күніне әзірленіп жүр. Басқа үйірмелердің де жұмыстары осындай қызық.

ДРУЖИНА КІТАПХАНАСЫ

Пионерлердің өз ұсынысы бойынша лагерьде дружина кітапханасы ашылды. Кітапхана үшін арнаулы бөлме бөлінген. Бөлме іші плакаттармен, ұрандармен безендірілді. Қай кластың оқушысы, қандай кітаптар оқуы керектігі туралы тізім ілінді.

Кітапхана меңгерушісі — дружина советінің председателі Напиза Оспанова. Кітап апта сайын жаңарты-

лып отырлады. Бұл күнді пионерлер «Кітап күні» деп атайды. «Кітап күні» әрқайсысы бірнеше данадан кітап әкелген пионерлерді көресің.

— Қане, Оқап сен бұл жолы қандай кітаптар әкелдің? — деді Напиза.


— Өткендегіден әлдеқайда аз. Жаңа кітаптардан менде В. Катаевтың «Полк баласы», Б. Полевойдың «Нағыз адам туралы аңызы», В. Губаревтың «Павлик Морозов» повестісі ғана бар екен, — деді пионер Оқап Сәрсекеев. Абай Абдрахманов, Қаншайым Арынова, Әсия Байұзақова, Қабиден Көбелев, Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын», М. Алигердің «Зоясын» және басқа да көп кітаптар әкеп тапсырды.

Пионерлер «Менің сүйікті кейіпкерім» деген тақырыпта өткізілетін әдеби конференцияға әзірленіп жүр. Конференцияны өткізуге әдебиет мұғалімі көмектеседі.

СПОРТ АЛАҢЫНДА

Бізде спорт алаңы жабдықталынғаны бірінші жыл ғана. Бұл былай болды.

Жер жаңа дегділ келе жатқан кез. Футболшылар Сағадиді Үсенов пен Ұзақбай Жәніенов дружинада футбол командасын ұйымдастыру туралы ұсыныс жасады. Шынында, футбол ойынын сүйшілер жалғыз Сағадиділер ғана емес екен, Футбол ойынын қалайтындар көп



Алматыдағы 7-тұрғын үй ауласындағы лагерьдің пионерлері әлпеншек теуіп жүр.

Суретті түсірген П. Редько.

болып шықты. Сондықтан ба, әйтеуір, Сағадилердің ұсынысы пионерлерге бірден ұнады. Бірақ, кейбіреулері:

— Спорт алаңымыз жоқ. Футболды қайда ойнамақпыз? — дегенді айтты.

— Алаң жоқ болса, жабдықтаймыз. Тек әрекет жасау керек, — деді Сағади.

Ертеңіне пионерлер осы ойлары туралы физкультура мұғалімі Аркадий Федорович Верещагинмен ақылдасты.

— Егер бұл іске бүкіл дружина ұйымшыл кіріссе, спорт алаңын жабдықтауға әбден болады. Тек істі мықтап қолға алу керек, — деді Аркадий Федорович.

Оқушылардың қуанышында шек болған жоқ. Шынында да, өз стадионы болғанға не жетсін! Ілезде-ақ стадионды қалай жабдықтау туралы жоспар әзір болды. Қай отряд не істейтіні айтылды.

Жексенбі. Мектеп ауласына жексенбілікте 500-ге жуық пионер жыйналды. Олардың бірінде қайла, бірінде кетпен, күрек, енді біреулері қоларба әкеліпті. 5 «а» класындағылар кедергі алаңын жасады. Гимнас-

тика қалашығын жабдықтау 7-класстағылардың үлесіне тиді. Бір жеті шамасында стадион әзір болды. Бұл быйылғы жылғы көктемде болған оқыйға.

Кәзір спорт алаңында жүгіретін жол, городки, баскетбол, волейбол ойнайтын алаңдар дайын. Алаң жас спортшыларға қашан да толы. Олар: атлеттер, жүзгіштер, акробаттар, гимнасшылар... Спортшылар күнде күш сынасады. Жүгіргіштер Темкен Темірғалиев, Еркеш Әбілдинова, секіргіштер Сәбет Қанашев, Аян Құлменов, Төлеген Әбжанов дружина рекордшылары.

Лагерде баскетболшылар, волейболшылар, шахматшылар, жеңіл атлеттер, гимнасшылар, жүзгіштер секциясы ұйымдастырылды. Оқушылар жаз бойы осы секцияда спорт өнерімен шұғылданады. БГТО және ГТО значогіне норма тапсырады.

Міне, біздің дружина пионерлері быйыл жазғы демалысты осылай өткізеді.

Т. КӨЩЕЕВ,

Павлодар қаласындағы 10-мектептің аға вожатыйы.

АУЛАДАҒЫ ЛАГЕРЬ

Еліміздің басқа да үлкен қалаларындағы сыяқты астанамыз Алматыда да тұрғын үйлер көп. Солардың бірі 6-тұрғын үйлер комбинаты. «П» әрпіне ұқсас үш қатарлы бұл комбинат Киров көшесін бойлай, Панфилов пен Фурманов көшелерінің аралығындағы бүтін бір квартал жерді алып жатады.

Алматының барлық көшелеріндегідей жапырақ пен гүлге бөленген көп пәтерлі осы үлкен үйде өздерінің ата-аналарымен бірге жүздеген балалар да тұрады. Олар бұл үйдің кең ауласында асыр салып, қыста сырғанақ теуіп, жазда футбол, волейбол, баскетбол сыяқты неше алуан ойындар ойнайды. Бұл аулада тұратын балалар өздерінің көбірек бос болатын уақыттары — жазғы демалыс күндерін көңілді, пайдалы етіп өткізеді.

Олар мұндай көңілді демалысты қалай ұйымдастырды?

Өткен жазда осы аулада пионер лагері пайда болды. Бесінші июль күні таңертең мойындарына алқызыл галстук таққан сексен пионер лагердің ашылуына байланысты салтанатты линейкада, сапта тұрды. Олардың қарсысына орнатылған биік темір сырғауылдың жоғарғы жағында осы сапта тұрғандардың бәрлерінің де мақтанышы қызыл мата-лагерь туы желбірейді. Ол сырғауылдың ұшар басында емес, одан төменірек тұр. Кәзір Люба Қоньшина барып, сырғауылды бойлай төмен салбырап тұрған жіпті төмен тартады да, туды сырғауылдың нақ ұшар басына шығарады. Бұл — лагер ашылды деген сөз! Қаланың өзінде лагерде болу қандай жақсы! Мұның қала сыртындағы лагерден ешбір кемдігі жоқ. Өйткені мұнда да балалар көп, бұлар да коллектив болып жазды бірге өткізеді. Ал, коллектив бар жерде барлығы да көңілді, ойдағыдай боп өтеді!

Сапта тұрған сексен пионердің барлығы да ашылғалы тұрған лагер туына қарап осыны ойлайды. Олар алаңдағы өздері жасап, өздері орнатқан секіретін жер, жүгіретін жолға, әлпеншек теуіп, жоғарыға өрмелейтін кереге сатысы бар жуан бағаналарға қуанышпен қара-сады.

— Түзеліндер! — деген команда естілді. Отряд вожатыйлары Вова Крылов пен Сара Досановадан рапорт алып болғаннан кейін бұл жалпы команданы берген орта бойлы, сары шашты он жетілер шамасындағы толық денелі қыз Люба Қоньшина еді. Люба осы лагерді ұйымдастырушы, әрі осы құрама отрядтың вожатыйы

болатын. Пионерлер Любаның командасын естігеннен кейін салтанатты түрде, сымдай болып тартыла қалды. Осы кезде Люба ортаға шығып, сол жақ иығынан жалт етіп артына қарай бұрылды да, сап адымымен аяғын дік-дік басып барып ту байлаған сырғауылдың жібін тартып, лагер туын көтерді. Содан кейін тағы да тез бұрылып барып ол, саптың орта тұсында тұрған ҚЛҚЖО-ның Фрунзе аудандық комитеті мектеп бөлімінің меңгерушісі Валентина Максимоваға пионер лагерінің ашылғандығы жөнінде рапорт берді. Валентина Васильевна пионерлерді лагердің ашылуымен құттықтағаннан кейін, оларды өздерінің ата-аналары құттықтап, буда-буда гүлдер ұсынды. Бұдан соң барабан соғылып, горн ойналып, пионерлердің линейканы бойлап салтанатты жүруі басталды.

Лагер осылай ашылды. Лагерді алғаш ашарда болған қыйыншылықтарды Люба Қоньшина былай баяндайды.

— Бұл жаңа іс еді. Бұрын аулада мұндай лагердің болғанын көрмеген соң кейбір балалар бұдан ешнәрсе шықпайды деп те ойлады. Сондықтан ондай балалар тізімге де жазылмады, алаңға жабдықтауға да көмектеспеді. Бірақ біз оларға жалынған жоқпыз. Өйткені ондайлар 4—5 қана бала болды, жүз шақты бала бұл іске құлшына кірісті. Ең алдымен сол алаңда ата-аналар жыйналысын өткіздік. Ата-аналарымыз бізді тақтаймен қамтамасыз етті. Ал үй басқарушысы Иван Иванович ата-аналардан жыйналған ақшаға жуан-жуан он бөрене сатып әкеп берді. Сол үйде тұратын өзіміздің туысқандарымыздан ұста да, ағаш шебері де табылды. Олар біздің алаңды жабдықтауымызға ықыласпен көмектесті. Ісіміз ойдағыдай боп шықты. Алғашында: «Қалада лагер деген болушы ма еді? Бұл бос әурешілік қой» деп қарасқан балалар да соңынан лагерге өздері өтініп келіп түсіп, жазғы демалыстарын лагерде өткізді. Аулада лагер жасаудың ешбір қыйындығы жоқ, ол үшін балалар өз ара ұйымдаса білсе — соның өзі жеткілікті екеніне біздің көзіміз әбден жетті. Лагер ашылғаннан кейін оның қызығы өзінен өзі еріксіз туады.

Люба айтқандай 6-тұрғын үйдің жанынан ашылған пионер лагерінің жұмысы өткен жылы, шынында да қызықты болып өтті. Лагер ашылған күннің ертеңінде-ақ таңертең ауладан горн дауысы естілді.

Сары шашты қыз Люба Коньшина лагерь туы тігілген жерге келіп горнды жан-жағына бұрып, жұрттың бәрі тегіс естірліктей етіп, әмірлі сөзбен созылта ойнады. Бір аздан соң әр үйдің есігінен екіден-үштең көздерін уқалап асыға басып шыққан балалар Любаға қарай ағылды. Олардың көпшілігі ұйқыларын аша алмай, қайта-қайта есінеуде, егер еріктеріне қоя берсе жылы төсектеріне барып тағы да жатып қалғандай. Мөлшерсіз көп ұйықтаудан денсаулыққа келер пайда жоқ, қайта ол адамды жалқаулыққа, бойкүйездікке тартады. Ал лагерь тәртібі оған қарсы адамды сергек болуға үйретеді. Сондықтан да Люба Сара Досанова мен Вова Крыловқа балалар тегіс жыйналған соң дене шынықтыруды бастауға команда берді. Дружина екі отрядқа бөлініп, он минут дене шынықтыру ойнады. Дене шынықтырудан соң балалардың алғашқы төсектен тұрып келгендей емес, ұйқылары ашылып, әбден шыйрап қалғандығы бірден байқалды.

— Тарандар!

Любаның бұл командасынан кейін балалар тағы да екі сағатқа үйді-үйлеріне кетті. Енді олар ұйқы дегеннің не екенін біржола ұмытқан тәрізді. Кәзір олар үйді-үйіне барып, беті — қолдарын жуып, ертеңгі тамақтарын ішеді, кітап оқыйды, немесе үй шаруасына болады, осы сыяқты өздеріне де, үйлеріне де пайдалы жұмыстар істейді.

Сағат онда тағы да горн дауысы естілді. Жуынып, таранып, мойындарына галстуктерін таққан балалар жүгіріп-жүгіріп келіп, линейканы бойлай сапқа тұрды. Отряд вожатыларының рапорттарынан кейін Люба дружинаны бүгінгі күнге арналған жұмыс жоспарымен таныстырды.

— Тындаандар!— деді Люба.— Сағат оннан онекіге дейін екі отряд та пионерлер сарайында болады: Вова Крыловтың отряды шахмат үйірмесінде ойын үйренеді, Сара Досанованың отряды қолөнері үйірмесінде іс тігеді. Он екіден бірге дейін бірінші отряд алаңды тазалап, екінші отряд волейбол ойнайды. Бірден екіге дейін бірінші отряд Вованың бастауымен Алматинка өзеніне суға түсіп, күнге күюге барады, екінші отряд хор үйірмесінің сабағында болады. Сағат төрттен жетіге дейін әртүрлі отряд жұмыстары: кітап оқу, түрлі ойындар ойнау. Түсінікті ме?

Жұмыс жоспары оқылғаннан кейін лагерьде дежурный ғана қалды да, басқалары пионерлер сарайына кетті.

Лагерьдің бірінші күні осылай басталды. Бұдан кейін күн сайын лагерь жұмысын осындай жоспармен жүргізіп отырды. Күн сайын балалар әралуан жаңа өнер үйренді. Ақырында біреу шахматшылықты, біреу дойбышылықты, бі-



Ауыр машина жасау заводының пионерлері лагерінің волейбол алаңында.

реу футболшылықты меңгерді. Енді біреулер жүгірудің, секірудің, граната лақтырудың әдістерін үйренді, басқалар «әнші», «артист» деген ат алды. Сондықтан да дружина екі рет 28 гвардияшы панфиловшылар атындағы паркте концерт қойып, зор табысқа ие болды — жұртшылық әсіресе отрядтың хор коллективіне алғыс айтты.

Лагерь күндерінде Нәля Жұмағалиева, Шура Назаренко, Нина Қосых сыяқты пионерлер үлкенді-кішілі 15—20 дан кітап оқыды.

Лагерьшілер өздерінің бүкілқазақстандық V спартакиаданың ашылуын құттықтағандарын, сол сыяқты «Меддеуге» жорық жасаған күндерін ерекше ұмытпайды.

«Меддеуге» жорық жасау, расында да, өте қызықты болып өтті. Балалар онда кәдімгідей жорық қазанын асып бірінші рет өз беттерімен тамақ істеп ішті. Бұл жорықта олар неше алуан әскери ойындар ойнады, гербарий жасап, лагерьдің пионер бөлмесіндегі хайуанаттар бұрышына арнап бірнеше жәндіктер жыйнап әкелді.

Бұл тамаша лагерь 41 күн жұмыс істеп, август айының аяқ кезінде жабылды. Бірақ ол күндер коллективтік еңбектің, тамаша достықтың айқын бейнесі ретінде лагерьде болған әр оқушының жүргінде берік сақталып қалды.

— Лагерь быйыл да жұмыс істейді, бұдан былайғы жаздарда да жұмыс істей береді. Быйылғы жазды былтырдан да көңілді етіп, жақсы өткіземіз, — дейді Галя Рахымжанова.

Ә. ПҰРШАПХОВ.





Жүрегіміз алып-ұшып, Артекті қашан көрер екенбіз деп асыққан арманымызға да жеттік. Біз, міне, Қара теңіз жағасындамыз.

Артек төрт лагерьге бөлінеді екен. Соның ішінде біздер, Қазақстаннан келген пионерлер, Екінші лагерьге орналастық. Біз келгенде бәрі де дайын екен, өте жақсы қарсы алды. Отряд-отрядқа бөліндік. Біздің отрядқа тағайындалған вожатый Женя апай бізді жыйнап алып, бәрімізбен әңгімелесті. Қалай оқығанымызды, қайдан келгенімізді сұрап, білгеннен кейін бізді лагерьдегі жалпы тәртіппен таныстырды...

Төңірек сондай жақсы. Алдымызда Қара теңіз, сол жағымыз биік тау, тұрған жеріміз көкпеңбек бақ. Біз осылардың бәрін кәзір араларымыз, көргіміз, суға шомылып, жағадағы майда кұмға жатқымыз келеді. Қайтқанша осылардың бәрін көріп үлгіре алмай қаламыз ба деп те ойлаймыз, асығамыз.

Бір тамашасы: біз барғаннан кейін Артектің құрылғанына 25 жыл толуына арналған үлкен мереке өткізілді.

Бұл салтанатты кеш төменгі лагерьде өткізілді. Барлығымыз да өзіміздің отряд-отрядымызбен осында келдік. Салтанатты кештің бірінші бөлімінде бізге келген құрметті қонақтарға сөз берілді. Олардың ішінде Зояның анасы, акын Барто, жазушы Мусатов бар екен. Барто Артек туралы жаңа жазған өлеңдерін оқып, Мусатов «Стожары» кітабының қалай жазылғанын айтып берді. Біз қызыға тындадық. Зояның анасының сөзі тіпті әсерлі болды. Сөзінен кейін Любовь шешей Зоя туралы кітабының бірінші бетіне өз қолымен жазып, оны біздің лагерьге сыйлыққа берді. Біз Зояның анасымен тойдан кейін де кездестік. Ол кісі Зояның қалай оқығанын, өте тәртіпті

және тілалғыштығын, үлкендерді қатты сыйлағыштығын, сонымен бірге өте пысық, өжет болғанын әңгімеледі. 1941-жылы неміс фашистер бізге қарсы соғыс ашып, Отанымыздың басына қыйын жағдай төнгенде Зояның өзі сұранып майданға аттануы, ерлікпен қаза табуы бізге үлкен әсер етті.

«Бәрімізде Зоядай жақсы оқыймыз, бәрімізде Зоядай батыл, батыр болып өсеміз!» — деп уәде бердік біз әңгіме соңында Зояның анасына. Ол кісі балаларды өте жақсы көретін, жайдары ана екен. Біздің оқуды қалай оқығанымызды, енді қалай дем алып жатқанымызды сұрап білді. Бізге риза болып, қоштасарда әрқайсысымыздың бетімізден сүйді.

Сол күнгі салтанатты кештің екінші бөлімі де өте қызықты болып өтті. Кеште төрт лагерьдің пионерлері өздері дайындаған ойын-сауықтарын көрсетті. Мен қазақ биін билеп бердім, ал Жамбыл қаласынан барған Ала Сармурзина ән салды. Кештің үшінші бөлімінде үлкен костёр жағып, барлығымыз сонда болдық...

Артектің 25 жылға толған тойын қалай өткізген тамашамыз менің ойымнан әлі шығар емес.

Артек маған қатты ұнады. Келген бірінші күннен бастап-ақ жыйналған барлық пионерлер дос болып кеттік. Москвадан келген Ира мен Галя, Ленинградтан келген Сима, Киевтен келген Эма, Ялтадан келген Валя, Владивостоктан келген Зина менімен бірге болды. Москвалық Галя Фомичева өзінің мамасының айтуы бойынша Зоя Қосмодемьянская жайында көп әңгіме айтты. Оның мамасы Зояны көрген, жасынан оны біледі екен. Қалың орманды Қыйыр Шығыс туралы Зинаның айтқан әңгімелері де қызықты болды.

Біз саяхат жасап Ялтаға да барып тұрдық. Онда мүзейде болып, керемет бактарды араладық, Ялталық Валя өзінің туып-өскен жерімен таныстырды.

Лагерьдің тұрмысымен танысқаннан кейін біздің алғаш келгенде, «қайтқанша бәрін көріп үлгіре алмай қаламыз ба» деп ойлағанымыз бекер болып шықты. Дұрыс бөліп пайдаланса, уақыт бәріне де жетеді екен. Артек маған уақытты дұрыс пайдалана білуді үйретті. Біз ертеңгі сағат 8-де тұрып, зарядка жасайтын болдық, одан кейін жуынамыз. Түскі сағат 12-дегі тамақтан соң суға шомыламыз. Одан кейін тағы бір сағат ұйықтаймыз.

Лагерьде үлкен кітапхана болды. Мен «Стожары», «Жолдастарың қасында», «Жер астындағы көлеңке» тағы басқа оншақты кітап оқып шықтым. Кейбір кітаптарды бірлесіп оқып, талқылап отырдық. Өзімізде ән-хор, би, архитектура, суретшілер, кестешілер үйірмесі болды. Біз отряд жыйынында әрқайсымыз кемінде бір өнер үйреніп қайтуды алдымызға міндет етіп қойдық. Мен жаңа билер үйренумен бірге, кесте тігу өнерін үйреніп қайттым.

Бұл — өткен 1950 жыл болатын. Дем алып, Алматыға қайтып келген соң, маған өзімнің мектептес достарым жиі келіп, Артектің қандай екенін айтуды сұрады. Мен өзімнің көргенім мен отряд вожатының айтуы бойынша Артек, Ялта, жалпы Қара теңіз жағасы туралы оларға бірнеше әңгіме айтып бердім және



Пионерка Бану Мусина (ортада) екі жолдасымен Қара теңіз жағасында отыр.

мектептегі қабырға газетіне осы көргендерім туралы үлкен мақала жаздым.

— Біз де үздік оқып, сен сыяқты Артекке барамыз! — деді олар сөзінде.

Мен быйыл 6-классты жақсы, өте жақсы бағамен бітірдім. Кәзір Алматы маңындағы санаторийге келіп, көңілді дем алып жатырмын. Быйыл да жақсы тынығып, тек қана үздік бағамен бітіріп шығу үшін алдағы оқу жылында бұрынғыдан да жақсы оқуға күш саламын.

Біздің жақсы оқып, жақсы дем алуымызға қамқорлық жасап отырған Сталин әкемізге рахмет!

Бану МУСИНА

Алматыдағы 12-қыз балалар мектебінің оқушысы.

ОРЫС ТІЛІ

Тамаша біздің Артек!

Жылда-жылда
Көп бала сайрандайды келіп мұнда.
Көрсеткен бар қызығын сулу Артек
Маған да,

Былтыр жазда барғанымда.
Серуендеп тауға шықтық, суға түстік,
Асыр сап ақ қайраңда құмды құштық,
Мұнда өзі болмаса да,

Балаларға
Қашаннан Артек — жақын,
Артек — ыстық.

Кеш болды, көз байланды, күн де батып,
Жағада костер жақтық лапылдатып.
Бір бала жолдасыма қазақша айтқан
Сөзіме құлақ асты,

Сонша ұнатып.

Тіл қатты өз тілінде ол да маған.
Бас шайқау, білмеймін, — деп, қандай жаман!
Уға алмай не оның сөзін,

Не өзім жауап
Бере алмай тер шыққанда маңдайымнан, —

Қуралым қолға алатын ұлы іс күні,
Дем беріп қысылғанда орыс тілі,
Болғанмен тілің басқа,

тілегің бір, —
Деп бізді сол арада таныстырды.

Достастық содан былай, көп сөйлестік,
Әңгіме, сыр айтыстық, әзілдестік.
Біз емес,

Ұлы орыс тілі арқылы
Танысқан қазақ, латыш тілі, достік.

Т. ТӨГІСОВ.



Москвадағы Белорусс вокзалының алаңында М. Горькийге жаңадан орнатылған ескерткіш.

ҰЛЫ ЖАЗУШЫҒА ЕСКЕРТКІШ

Өткен, июнь айында орыс халқының ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийдің қайтыс болғанына 15 жыл толды. Совет

халқы және бүкіл алдыңғы қатарлы адам баласы жаңа өмірдің жаршысы болған М. Горькийді зор сүйіспеншілікпен еске түсірді.

М. Горький пролетариат революциясының дауылпазы болды, ол жаңа пролетариат әдебиетінің негізін қалады. Ол талай-талай тамаша кітаптар жазды. Оның көптеген шығармалары, балалар, сендерге де таныс. «Балалық шақ», «Кісі есігінде», «Менің университетім», «Ана» деген кітаптарды кім оқымады дейсіз. М. Горький шығармаларында өзі арман еткен жаңа адамдардың бейнесін жасады.

М. Горький В. И. Ленин және И. В. Сталинмен дос болды. Бұл достық ұлы жазушыға әрқашан күш-жігер беріп, шабыттандырып отырды.

Оның қаламынан тамған әр сөз адамды өз Отанын сүйуге, Отан игілігі үшін еңбек етуге үйретеді. М. Горький дүние қорлықты, әлсіздікті, опасыздықты жан-тәнімен жек көрді. Оның дүниеде ұнатып, кейінгі жас ұрпаққа өсиет еткені, уағыздағаны — ержүректілік пен адалдылық, еңбек пен күрес болды. Ол жаңа өмірді орнатушыларды жырлады, еңбекті рахат, деп таныды.

М. Горький қапаушыларды жек көрді, өзінің шығармаларында капиталистерді эшкереледі. Ол бұдан 45 жыл бұрын дүние жүзі империализмінің уйтқысы болып отырған Америка Құрама Штаттарын өз көзімен көрді. Ұлы жазушы еңбекшілерді аяусыз қапауға негізделген Американың «доллар мәдениетін» біздің планетіміздің ең оңбаған мәдениеті деп, қарғыс айтып қайтты.

М. Горький — бейбітшілік жолындағы ұлы күрескер, оның жалынды дауысы кәзірде соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы күресте еңбекші халыққа жігер беріп, қайраттандырып отыр.

М. Горький совет балаларының жақын досы еді. Ол балалардың батыр, батыл, білімді болып өсуін аңсады. Горькийдің кітаптары — жастар үшін өмір сабағын үйрететін оқу құралдары болып табылады.

10 июнь күні Москвада, Белорусс вокзалының алаңында М. Горькийге ескерткіш орнатылды. Бұл совет халықтарының орыстың ұлы жазушысына деген асқан сүйіспеншілігінің айқын бейнесі.

М. Горький өз халқымен бірге мәңгі жасайды.



БЕЙБІТШІЛІК ҚҰСЫ

Ерте тұрып, жазу столыма отырарда терезені ашып қойған едім. Май айының таңертеңгі жібектей майда желі терезе алдында күлпырған бақтың жұпардай хош иісін бөлме ішіне толтырып жіберді... Ойымды Кореядағы оқыйғалар туралы хабарлай бастаған радио даусы бөлді. Бұдан бірнеше минут бұрын «Мурзилка» журналының суреттеріне карап отырған кішкентай қызым Роза, тосыннан маған сұрақ қойды:

— Папа, құстардың қайсысы жақсы? Осыны айтты да ол, ашық терезе алдына барып тұрды.

Бұл сұраққа дұрыс жауап беріп, жас балаға әсерлі ой салып қуанта қою, мен үшін салғаннан қыйынға соқты. Көрген құстарымды көз алдымнан өткізе отырып едәуір кідіріп қалдым. Қыстың күні жылы жаққа кетіп, жаз келетін қыр құстары мен орман құстары толып жатыр. Олардың бәрінің атын түгелдей өзім де білмеуші едім. Білетіндерімді айтайын десем, мен көргендерді Роза көрген жоқ. Ал, ол көрген құстардың ішінде іліп алары шамалы... Радио: «Американ агрессиясының Кореядағы айуандық әрекеті» деген хабарды бастады. Дүние жүзінде бейбітшілікке бейне болып отырған құс дәл осы мезетте есіме түсті. Бірақ, менің ойымдағыны қарт шешем бұрынырақ айтты.

— Құстардың ішіндегі сүйкімдісі, адамға досы ақкептер ғой, қарағым,— деп әңгімеге араласты ол, екінші бөлмеден келіп.

Роза, терезе алдындағы ағаш бұтағына қонып отырған құсты иұсқап:

— Папа, мынау қай құс?— деп сұрады.

— Ақкептер,— дедім мен терезеден карап.

Оның аппақ, кіршіксіз таза тұлғасы күн шұғыласына шомып, алтынға бөленіп отырған күміс құстай болып көрінді. Оған сонша қызыққан Роза, терезеден қолын созып еді, құс жатырқамай оның қолына кең қонды. Кіршіксіз таза, тұлғаға сұлу, мінезге момын Ақкептерді қолына қондырып, қуанған Роза, оны айналып-үйіріліп балалық қамқорлығына бөледі. Қызыл жібек лентасын құстың мойнына тақты. Адам сәбиі мен құс асылы арасындағы достық — бейбіт өміріміздің, бақытты тұрмысымыздың, даму дәуіріміздің бейнесіндей та-

маша бір көрініс еді. Бақыт бақшасынан ұшып келіп қолына қонғандай болып отырған күміс құсын, Роза үйде өсіруге бел байлаған еді, бірақ, оған шешем:

— Қарағым, бұл еркіндік құсы, ұшыр,— деді.

Роза құсынан айрылғысы келмеп еді, шешем оның ешқайда кетпейтінін, қайтып келетінін айтып, немересін сендірді.

Ақкептер терезеден Роза таққан қызыл жібек лентаны желегіндей желбіретіп ұшты. Ол аспандай самғап, көптеген үйлердің үстімен орала ұшқанда, жердегі адамдардың бәрі оған назарларын аудара, қызыға қарады. Қызыл жалаулы күміс құс шар тарапқа жар салып, бүкіл әлем назарын өзіне аударып жүргенге ұқсады.

Ақкептер, үйіріле самғап келіп, біздің үйдің шатырынан көтерілген, радио антеннасының ұшар басына қонды. Тап осы мезетте, жаңағы Американ агрессиясының айуандығы туралы хабар аяқталып, Поль Робсонның әні шырқалды. Сол әнді осы құстың өзі шырқаған сыяқты бола қалды.

Міне, бұл ән бейбітшілікті жақтаушылардың дүние жүзілік конгресі залында радио арқылы шырқалған екен. Ал, мына Ақкептер сол конгресс өтіп жатқан үйдің төбесінен көтеріле желпілдеп тұрған көптеген тулар тұлғасымен бірге қанат қағып жүр.

Роза, әлгінде карап тұрған журналын әкеліп маған көрсетті. Мұндағы журналдың сыртқы бетінде Кремльдің суреті. Оның биік мұнарасынан көптеген Ақкептерлер шар тарапқа самғап ұшып бара жатыр.

— Папа, жаңағы менің Ақкептерім осының бірі емес пе екен?— деп сұрады ол.

— Сол, Кремльден ұшқан Ақкептерлердің бірі болуы мүмкін. Ол болмаса да, біздің елімізде Ақкептер көп.

— Ол біздің елде неге көп?

— Неге десек, біз соғысты тілемейміз, ал соғыс тілеп отырған жердегі капиталистер оны жақтырмайды, атып та тастайды. Ақкептер бейбітшілік құсы, оны біз ардақтаймыз!

Ж. ТІЛЕКОВ.

**ССР Одағындағы
жеңіл атлетика
жөніндегі
рекордтар**



100 метрге жүгіруден
еркектерден
10,4 секунд —
Е. Каракулов.

әйелдерден
11,9 секунд —
Е. Сеченова

200 метрге жүгіруден
еркектерден
21,6 секунд —
Р. Люлько.

әйелдерден
24,7 секунд —
С. Мальшина



Жүгіріп келіп биіктен
секіру
еркектерден
1 м. 99 м. —
Ю. Ильясов.
әйелдерден
1. 68 м. — А. Чудина



Жүгіріп келіп ұзындық-
тан секіру
еркектерден
7 м. 48 см. —
С. Кузнецов
әйелдерден
6 м. 3 см. — А. Чудина.

Жаздың ашық күндерінің бірі еді. Дала жұмысынан қайтқан колхоз жастары үш-төрттен қатар жүріп, әндетіп келеді. Құрылысқа жақындағанда, әркім өзінің үйіне апаратын соқпаққа түсті.

Комсомолка Мария Санельник спорт алаңына қарай тартты. Күн қызарып, көк жиекке жақындап жүр. Ол шыйрақ жүріп, асығып келеді.

Мария келгенде, жеңіл атлетика командасындағы жастар жыйналып қалған екен.

— Неге кешіктің?— деді Павел Рыбалко.

— Біз көзір қызылша суарып жатырмыз.

Марияның бұл сөзі Павелға түсінікті еді. Қызылша суарған кезде қызылшашылар тәулік мезгіліне қарамайды. Бап талғайтын егіс күндіз-түні күтуді тілейді.

Мария спортты жақсы көреді. Бірақ, бұл оның негізгі жұмысына бөгет болмауға тиіс. Сондықтан да оны колхозшылар әрі спортшы, әрі стахановшы қызылшашы ретінде жақсы біледі.

Павел Рыбалко Сталин атындағы колхоздың спорт жұмысын ұйымдастырушысы. Ол жуырда ғана осы колхоздағы жетіжылдық мектепті бітірген. Оқып жүргенде жеңіл атлетикаға жақсы жаттығып, облыс орталығы—Жамбыл қаласындағы жарысқа қатысқанда, бірінші орынға ие болды. Нұрбек Беркалиев екеуі Алматыдағы жарысқа да қатысты. Өз өнерін жетілдіру жолында, талмай жаттығудың нәтижесі оларды Ленинград қаласында өткізілген жарысқа да апарды. Сол жеңісті, қуанышты күндері естерінде күні бүгінгідей...

Павел: «Бастаймыз» дегенде, әркім өз орнында болды. Колхоз спорт алаңы шағын болғанымен, жаттығушы споршыларға барлық жағдай жасалған. Жүгіретін, секіретін, гимнастика жасайтын, диск лақтыратын орын сызылып, өлшеніп әзір тұр. Волейбол, қалашық ойнайтын алаң да бөлек.

Жастар жаттыға, жарыса жүріп, разрядқа норма тапсырады.

Мария өткен жылы 100 метр жерге жылдам жүгіруден үшінші разрядқа норма тапсырған болатын. Ол бұл жолы аудандық жарысқа қатысып, осы қашықты 14 секундте жүгіріп өткен еді. Енді бұл уақыттан 0,5 секундін кемітпек. Мария көзір сол мақсатына жету үшін жаттығып жүр. «Дені саудың жаны сау» дейді халық мәтелі. Денсаулық үшін дене тәрбиесінің шарттары орындалуы керек. Дене шынықтыру әртарапты дайындықта жүреді. Мария таңғы гимнастикадан бастап, спорттың бірнеше түрімен шұғылданады. Күнделікті дала жұмысы, түстегі суға жүзу, көтеріңкі дауыспен өлең айту, волейбол,— мұның бәрі әрқашан арнаулы жаттығуға көмекші болып, пайдасын тигізеді. Спортшы жүгіру жылдамдығын тездету үшін көп уақыт, осы сыяқты дайындық жасауы керек. Бұған қысқы спорттың да түрлері қосылады.

Міне, Мария старттан шығып, жүгіріп келеді. Оған қарап тұрған кісі қадамының жылдамдығын санап үлгіре алмас еді.

Көмбеге де жетті.
Павел сағатына қарады:



Колхоз спор

— 13,6 секунд! Жарысқа дейін әлі екі секунд кеміту керек.

Жамбыл ауданының Карл Маркс атындағы колхоз физкультурашыларының шақыруы бүкіл республикамызға тарады. Сталин атындағы колхоздың жастары осы шақыруға өздерінің игілікті істерімен үн қосып жатыр.

Комсомолдар мен пионерлер бос уақыттарында спорт алаңын жасап алды. 23 спортшы ГТО-ның бірінші дәрежелі, 15 спортшы екінші дәрежелі значогін алды. Соңғы уақытта көптеген жас спортшы ауданның чемпионы деген атаққа ие болды.

Көктем егісін аяқтаған соң жастар спартакиадаға әзірлене бастады. Жарысқа Ленин атындағы колхоздың жастары шақырылды. Кім озбақ? Тренерлер іштей толғануда. «Жүйрік озбайды бап озады» дейді халық. Олай болса, негізгі шарт— жаттығу. Кім қалай жаттықпақ? Кімнің қандай міні бар? Қайтсе жетіледі? Бұның бәрі тренерлерге ғана белгілі. Сондықтан тренер көп ойлануы керек.

Сталин атындағы колхоздың құрама ко-

ЖАЗ АЙЛАРЫНДА ТАПСЫРУҒА

Нормативтер мен түрлер

Гимнастика	
Өрмелеу (тырмысып шығу)	
Тосқауыл торабын асып өту	
1000 (500) метрге жүгіру	
Жүзу (еркін әдіспен, уақыт есептелмейді)	
60 метрге жүгіру	
25 метрге жүзу	
Биіктіктен секіру	
Граната лақтыру	
Найза лақтыру	
Диск лақтыру	
Ілгекті допты лақтыру	
Қалашық	



маңдасының құрамына мектеп оқушылары да үлкендерден қалыспады. Тез үйреніп, тез меңгерді. Боксерлер колхоз атшысы Нұрбек Берқалиевтан бокс өнерін үйренетін болды. Нұрбек мектепке жиі келіп, оқушыларды бокске жаттықтырды. Мектеп баларынан әрі епті, әрі қолының уыты күшті боксерлер шыға бастады. Олардың өнерін сынайтын күн алда еді.

Ақыры сол күн де келді. Ауыл адамдары стадионға ертемен-ақ жыйналып жатыр. Ленин атындағы колхоздың қонақ физкультурниктері де келді. Ақ киімді төрешілер өз орындарында тұр. Желбіреген түрлі түсті спорт туын ашық күннің сәулесі құлпытта түседі. Жамбыл қаласынан келген делегацияның ішінде облыстың таңдаулы спортшылары да бар еді. Ауылдың жас спортшыларын олар да сынамақ.

Колхоздың спорт мейрамы басталды. Мұндай жарыста озған қандай жақсы!

Мария жүрексініп тұр. Коллектив сенімін ақтап шықсам деп ойлайды ол.

Бірнеше минуттен кейін ол стартқа шақырылды. Жүгіретін жерге келіп тұрды.

Сол сәтте старт берілді. Дәл кәзір Мария тренерінің сүйініш-күйінішінде, қадала қарап отырған халықты да көріп келе жатқан жоқ. Бар ынтасы — нысанаға тез жету. Алдындағы ақ лейтаны ғана көреді. Ол көмбеге бірінші келді. Бірақ онысын өзі әлі сезіп тұрған оқ. Уақыт мөлшерін де дәл ести алмай қалды. Сол кезде қасына келіп жыйналып қалған ауыл адамдарын көрді.

— Құттықтаймыз!

— Күз қызылша жыйнағанда да осылай озуыңа тілектеспін!

— Жарайсың, Мария!

Мария құттықтаушылармен бірге тренер Рыбалконың да қолын қысты. Жалықпай ұстаздық еткен жас адам тілегіне жетіпті. Шәкірті 100 метр жерден 13,3 секундта келді.

... Әртүрлі қашықтыққа жүгіретін спортшылар екі колхозда да көп екен, жүгіру ұзаққа созылды.

Мың бес жүз метр жерге жүгіретіндердің жарысында Сталин атындағы колхоздың балташысы Алексей Жданов озды.

Енді көрушілер биіктен, көлденеңнен секіретін жерге ауысты. Бұл жарысты көрушілердің қызығуы ерекше болды. Аудан бойынша әйелдерден рекорд жасағандар 1 м. 20 см. биіктіктен секірген болатын. Ал, Нина Шманенко жаттығып жүргенде, бұл рекордан 5 см. жоғары секірген.

Биіктік 120 см. болғанда, екі спортшы — Сталин атындағы колхоздан Нина Шманенко, Ленин атындағы колхоздан Лида Дуброва ғана қалды. Бұл биіктіктен олар оңай секіріп кетті. Төреші жіпті (планканы) тағы 5 см. жоғарлатты.

Секіруге Лида дайындалды. Жүгіріп келіп, серпіліп қалғанда, мінсіз секіріп өтті.

Оның орнына Нина тұрды. Сол сәтте-ақ ол жіптің ар жағына дік ете түсті. Төреші ризалық білдіргендей:

— Болты! — деді.

Бұл екеуі де аудандық рекордтан асып түсті. Енді олар 130 сантиметр биіктіктен секірмек.

Жұрт тыныштала қалды. Нина шапшаң жүгіріп келіп, қатты серпінмен секірді. Мүлтіксіз әрі асып түсті. Сөйтіп, аудандық рекордтан 10 см. жоғары секірді.

Уақыт жылдам өтіп жатты. Волейболшылар, велосипедшілер, футболшылар, боксерлер жарысы өтті.

Колхозшылар енді өз спортшыларының өнерін сүйсіне әңгімелеп, үйлеріне қайтып барады. Бұл ауыл өмірінің мәдениеті көтеріле түскені емес пе!

Бұл күнгі жарыс аяқталды. Бірақ жарыстың қыйыны да, қызықтысы да алда.

Қазақ ССР үкметі «Колхозшы» атты ерікті спорт қоғамын ұйымдстыру туралы жуырда ғана қаулы алды. Бұл қаулыны колхозшылар қуана қабылдады. Енді мыңдаған колхозшы жастар үздіксіз спорт өнерімен айналысуға мүмкіндік алды.

Колхозшылар арасынан шығатын мыңдаған күштілер мен ептілер, батылдар мен батырлардың игілікті ісіне кең жол ашылды.

Х. НҰРМАНОВ,

ССР Одағындағы жеңіл атлетика жөніндегі рекордтар



Найза лақтырудан
еркектерден
73 м. 37 см. — В. Цибуленко.

Әйелдерден
53 м. 41 см. — Н. Смирницкая



Диск лақтырудан
еркектерден
52 м. 18 см. — Х. Липп.

Әйелдерден
53 м. 25 см. — Н. Думбадзе.



„Брасс“ әдісімен
100 метрге
жүзуден

еркектерден
1 м. 05,1 секунд —
Л. Мешков

Әйелдерден
1 мин. 24,4 сек. —
М. Гавриш

ОЛАТЫН БҒТО НОРМАЛАРЫ

	Ер балалар	Қыз балалар
...	8 жаттығу	8 жаттығу
...	3 м.	2 м.
...	28 секунд	33 секунд
...	4 минут	2 минут 10 сек.
...	50 метр	25 метр.
...	9 секунд	10 секунд
...	25 секунд	28 секунд
...	1 м. 15 см.	1 м
...	3 м. 80 см	3 м 10 см.
...	28 м.	18 м.
...	23 м.	13 м.
...	20 м.	13 м.
...	27 м.	18 м.
...	10 фигураны 50 сақа мен кұлату	



ҰЛЫ ҚЫТАЙ ХАЛҚЫНЫҢ КӨСЕМІ

Дүние жүзінде жерінің көлемі мен халқының саны жөнінен ең ірі елдің бірі — Қытай. Мұның бір өзінің жері Европаның барлық елдерінің жерінен де асып түседі. Ал, бүкіл жер бетіндегі барлық халықтың бестен бірінен артығырағы осы Қытай жерінде тұрады.

Осындай үлкен елдің Хунань провинциясындағы Шаошан деген кішкене деревнясында тұратын Мао Жен-шень атты шаруа 1893 жылдың май айында ұлды болып, қунышқа бөленді. Бұл, әрине, әке-шеше қуанышы еді.

Бала алты жасында жеңіл-желпі шаруашылыққа араласып, әкесіне қолғабысын тигізе бастады. Өзі шала сауатты шаруа баласын сегіз жасында бастауыш мектепке берді. Ол өте зирек болды, хат танып бастасымен-ақ қолына түскен кітаптарды құмарта оқып, шәкірттердің арасында ерекше көзге түсті. Оның өте-мөте сүйсініп оқыйтыны ескілікті қытай аңыздары, халықтың өз тәуелсіздігі үшін күресін баяндайтын әңгімелер болды. Ол өсе келе халық қуанышына туған бала екенін көрсетті.

Ерді ел туғызады, заман туғызады, ұлы заман ұлы істерге ұмтылдырады, ел қамын ойлай білсең — даңққа бөленесің. Бұл осындай ұлы заманда туып-өскен, ерлік күрестерде шыныққан, даңқты халық батыры, Қытай

коммунист партиясы мен 475 миллион ұлы қытай халқының кәзіргі көсемі Мао Цзе-дун еді.

Мао Цзе-дун өз халқымен біте қайнасқан, 18 жасынан бастап барлық күш-жігерін, білімін еңбекші халықтың бақыты үшін күрес жолына арнаған, небір қыйынқыстау кезеңдерді басынан кешірген көрнекті қайраткер; ұйқыдан оянып, саяси өмірге қол созған қытай халқын алға бастаған, халқының жауларымен қайсарлана күресіп, қажырлылықтың өнегесін көрсеткен, өз халқын шексіз сүйе білген адам, нағыз патриот.

1918 жылы Мао Цзе-дун Чанша қаласындағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, революциялық қызметке бүтіндей беріледі. Халық қозғалысын ұйымдастыру үшін ол Пекин (Бейпин) қаласына барады, онда «Жаңа халық» қоғамының қалалық комитетін басқарады, Сун Ят-сенмен және басқа көрнекті революцияшыл қайраткерлермен танысады.

Бұл дәуір адамзат тарихында жаңа заманның басталған дәуірі еді. Россияда Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңіп, бүкіл игі ниетті адамның назары біздің Отанымызға ауды. Россияда атқан бақыт таңы Мао Цзе-дунға да үлкен әсер етті. Ол социалистік революция туралы, Совет Одағы халқының өмірі мен күресі туралы газет, журналдарды, әртүрлі кітапшалар

мен кітаптарды құштарлана оқыды, Лениннің, Сталиннің жеңімпаз ілімімен таныса бастады.

Бір күні Мао Цзе-дун Пекин университетінің кітапханасынан аса қуанышты қайтты. Ол бұл күні «Коммунистік манифесті» ана тілінде оқып, көптеп аңсаған арманына жеткен еді. Қытай тіліне аударылып шыққан бұл тұңғыш марксистік кітаптың данышпандық сөздері оны революция ісіне құлшындыра түсті.

Талай тарығуды басынан кешірген, өз халқын бақытты тұрмысқа жеткізудің жолын іздеп сусаған жас патриот Маркстің, Энгельстің, Лениннің, Сталиннің еңбектерін оқыған сайын мейірі қанып, одан сарқылмас мол жігер алды, марксизм — ленинизм ілімі оның күрес жолына жарық жұлдыздай сәуле шашып, алға ұмтылдырды.

Мао Цзе-дун 1920 жылы қыста Чанша қаласында жұмысшылардың тұңғыш саяси ұйымын құрды. Ал, 1921 жылы ол Хунань провинциясында коммунистік партияның алғашқы тобын ұйымдастырды. Мао Цзе-дун қытай коммунист партиясын ұйымдастырушылардың бірі болып, тарих алдында, халық алдында аса ірі еңбек сіңірді. Сол жылы Қытай компартиясының бірінші съезі болып, Мао Цзе-дун партияның Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. Міне, содан бері отыз жыл бойына ол Орталық Комитеттің мүшесі. Бұл партия ұзақ жылдар қытай халқының ішкі-тысқы жауларына қарсы күрес үстінде өсіп жетілді, айбынды ұлы партияға айналды. Ол өзінің 30 жылдығын халқына азаттық әперген шағында, жаңа өмірде мерекелеп отыр.

1923 жылы июньде Кантон қаласында Қытай компартиясының үшінші съезі болды. Бұл съезден кейін Мао Цзе-дун компартияның Саяси бюросының мүшесі болып сайланды.

1925 — 1927 жылы Қытайда болған революция мақсатына толық жете алмай, уақытша жеңіліске ұшырады. Революция ісіне буржуазия опасыздық етіп, қытай халқының жауларының жағына шығып кетті. Тек бір ғана коммунистік партия революция туын берік ұстап, бұл жолдан таймастан күрес жүргізді. Партияның тапсыруы бойынша Мао Цзе-дун провинцияларды аралап, шаруалар қозғалысын ұйымдастырды, 1927 жылы августа Хунань провинциясында шаруаларды «Күзгі егін көтерілісі» деп аталған атақты көтеріліске шығарды, сентябрьде бұл көтеріліске қатысушы шаруалар мен Ханьян кеншілерінен болашақ Қытай Қызыл армиясының тұңғыш бөлімін құрды. Бұл сол кезде «Жұмысшылар мен шаруалардың бірінші армиясының бірінші дивизиясы» деп аталды.

Сол сапар армия ұйымдастырып, ел аралап жүргенінде Мао Цзе-дун минтуань деп аталатын жергілікті қарулы отрядтың қолына түсіп қалды. Ол Қытайда контрреволюцияның асқынып тұрған кезі болатын. Коммунизмді жақтаушылар қолға түссе болғаны, дұшпан оларды топ-тобымен атып жатты. Жалынды революционердің өміріне хауіп төнді.

Солдаттар Мао Цзе-дунды штабқа айдап келе жатады. Жолда ол өзін айдап келе жатқан солдаттарға:

— Менен не керек болса, соны алыңдар, бірақ өзімді босатыңдар, мені өлтірткеннен не пайда табасыңдар? — дейді.

— Жарайды, бастығымыз көнсе, босатып жіберейік, — дейді солдаттар. Бірақ отряд бастығы көнбейді. Мао Цзе-дунға өлімнен құтылудың

бір ғана жолы қалады. Ол жол — қашып құтылу. Бірақ айнала қоршаған солдаттардан сытылып шығу оңай емес. Олар, қашпақ болсаң, табанда атып тастауы да мүмкін.

Штабқа 20 метрдей жуықтап келгенде, солдаттар өзара әңгімелесіп, бір нәрсеге алаң болып, сәл кейін қалады. Мао Цзе-дун осы бір секундты пайдаланып, қақпа жанындағы қалың бұтаның арасына сүңгіп қаша жөнеледі. Оны қанша іздегенімен таба алмайды. Көп кешікпей қараңғы түседі, түн болады. Сөйтіп Мао Цзе-дун төніп келген ажалдан аман-есен құтылып, қайтадан шаруалар отрядына келіп қосылады.

Осы шағын отряд күннен-күнге өсіп, гоминдан әскерлерімен кескілескен ауыр күрес үстінде шыныға түседі. Ақыры ол Цзинганшань тауына келіп бекінеді. 1928 жылы бұларға өз отрядымен Чжу Дэ келіп қосылады. Осы арада Қытайдың ержүрек Қызыл армиясының негізі қаланады, атақты 4-інші корпус құрылады. Қытай компартиясының Орталық Комитеті қытай халқының бұл екі батыр ұлының біріп 4-інші корпусқа командир, екіншісіп (Мао Цзе-дунды) — саяси комиссар етіп белгілейді. Бұл корпус күрес жүргізген аудандарда тұңғыш Советтер құрылып, оның қатары өсе береді.

1931 жылдың ноябрінде Қытай Қызыл армиясының жауынгерлерінің саны 150 мыңға жетеді, совет аудандары 60 миллион халықты қамтыйды. Бұл кезге дейін гоминдан әскерлері Қызыл армияға күшті үш жорық жасайды, мұның бәрінде де жау сілейе соққы жейді. Совет аудандары дұшпан әскерлерінен тазартылады. Сонымен Орталық Совет үкметін құруға мүмкіндік туады.

Октябрь революциясының 14 жылдығы күні Цзянси провинциясындағы Жуйцинь қаласында Советтердің бірінші съезі шақырылады. Съезд Мао Цзе-дунды Қытай Орталық Совет үкметінің председателі, Чжу Дэні Қытай Қызыл армиясының бас командашысы етіп сайлайды.

1935 жылдан бастап Мао Цзе-дун Қытай компартиясы Орталық Комитетінің председателі.

1931 жылы жапон империалистері Қытайға шабуыл жасады, Маньчжурияны басып алды, Қытай жерінің



Қытайдың бақытты балалары.

ішіне қарай кеудей түсті, Қытайдың ұлттық тәуелсіздігіне хауіп төнді. Ал, гоминданшылар тобы жапон басқыншыларына тойтарыс бермеді, қайта Қытай қызыл армиясына қарсы күресуін үдетті. Осындай ауыр жағдайда халық мүддесін көздеп, Мао Цзе-дун бастаған Қытай Совет үкметі жапон басқыншыларына қарсы күрес ұйымдастырды.

1934-1935 жылдары Қытай Қызыл армиясы тарихта болып көрмеген қаһармандық жорық жасады. Ол Цзянхиден солтүстік — батысқа қарай 13 мың километр жол жүрді. Бұл ұзақ жолда ол дұшпанның сансыз көп шабуылын тойтара отырып, биік асулар мен тулаған толқынды өзендерді, шөл дала мен аяқ алып жүргісіз батпақтарды кесіп өтті; қақаған аяз бен оттай өртенген ыстыққа қарамастан, қар мен жаңбырға бөгелместен, 1935 жылы күзде Солтүстік Шэньсиге жетті; бұл арада кең көлемді жаңа совет ауданын құрды, бұл аудан жапон басқыншыларына қарсы күрестің негізгі базасы болды. Мао Цзе-дун мен Чжу Дэ бұл ерлік жорықта сансыз көп қиыншылықты қатардағы жауынгерлермен бірге бастарынан кешірді, оларға шаршағанда дем беріп, қамқорлық көрсетіп отырды.

Бұл тамаша жорық Қытай коммунист партиясының жеңілмес күшін, жауынгерлік қаблеті молдығын, оның халықпен біте қайнасқандығын, Қытай компартиясының көсемі Мао Цзе-дунның аса ірі қайраткер, шебер ұйымдастырушы, жаңа тұрпатты басшы екенін әлемге танытты.

1937 жылы күзде жапон империалистері Қытайға қарсы тағы да соғыс ашты. Бұл кезде Мао Цзе-дун бастаған Қытай компартиясы, гоминдан үкметінің, Чан Кай-шидің реакцияшыл саясатына қарамастан, жапондықтарға қарсы біртұтас халық майданын ұйымдастырды. Қытайдың совет аудандары дербес шекаралық аудандар болып, қытай Қызыл армиясы Халықтық — революцияшыл армия болып қайта құрылды, ал кейінірек ол Халық — азаттық армиясы деп аталды. Бұл армия партизан отрядтарымен күш біріктіре отырып, жапон империализміне қарсы ерлікпен күресті.

Совет Қарулы Күштері жапон армиясын талқандап жеңгеннен кейін,

1945 жылы күзде Мао Цзе-дун гоминданның басшыларымен келіссөз жүргізіп, коалициялық үкмет құруды, саяси құрылысты демократияландыруды ұсынды. Бірақ америка империалистері дем беріп, қолдаған Чан Кай-шидің тобы елді демократия жолымен өркендетуді тілемеді, сөйтіп олар 1946 жылы Қытайда жаңадан азамат соғысын ашты.

Қытай компартиясы, оның көсемі Мао Цзе-дун қытай халқын сыртқы жау — америка империализміне қарсы, ішкі жау — Чан Кай-ши тобына қарсы азаттық соғысқа аттандырды. Бұл соғыста халықтың әділетті ісі жеңіп шықты. 1949 жылы 1 октябрде Қытай Халық республикасы құрылды. Мао Цзе-дун бірауыздан Орталық халық үкметінің басшысы болып сайланды. Қытай халық республикасы біздің Совет Одағымен, халықтық демократия елдерімен тығыз достық қарым-қатынаста. Ол біздің ССРО бастаған бейбітшілік лагеріне үлкен күш болып қосылды.

Қытай халқы жаңа соғыс өртін тұтандырушыларға қарсы, бейбітшілік пен демократия үшін күресуде. Бұл күресті бейбітшіліктің табанды қайраткері Мао Цзе-дун бастап отыр. Қытай халқы соғысты тілемейді, бейбіт еңбек етуді, шаруашылығы мен мәдениетін гүлдендіріп, балаларын оқытуды, қуаныш құшағына бөлеуді көздейді. Мао Цзе-дун қытай балаларын тәрбиелеп өсіруге көп көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырады. Қытайда оқу орындары, мектептер, кітап магазиндері барған сайын артуда. 1950 жылғы июньнен 1951 жылдың март айына дейінгі уақыттың өзінде ғана мұнда 1537 орта мектеп жаңадан ашылды, жаңадан 500 мың бала оқуға тартылды. Бұрын феодалдар мен капиталистер сайрандаран көптеген демалыс үйлері мен парктерде бұл күнде еңбекші жастар мен балалар тынығып, денсаулығын арттырады. Мао Цзе-дун — қытай балаларының ең сүйікті досы.

Совет халқы мен Қытай халқының бұлжымас достығы, ынтымақтастығы барған сайын нығая түсуде. Қытай халқы өз елінің бостандығы мен тәуелсіздігіне жеңіспен жетіп, жаңа тұрмысты ойдағыдай орнатып жатыр.

Ә. ҚАРАҒҰЛОВ.



СТАЛИН ТОМЫ

Оқығанда қолға алып,
Сталин томын — кітабын,
Көз алдыма келеді
Советтік ұлы Отаным.

Том ішіне үңілсең,
Көктемнің атқан таңындай.
Санаң сонда нұр шашар
Жарқ етіп Ильич шамындай

Құрал ТҰНҒЫШБЕКОВ

Арыс ауданы, Киров
атындағы мектеп.

ОТАНЫМ

Шалқар көл, ну орман, сәнді тау
Көз тоймас көркіне, қараса.
Кенге бай, жайлаулы, бақша-бау
Отаным — көрікті тамаша.

Не ғын арманға ойлаған
Берді еркін өмірді көсемім.
Гүліндей көктемнің жайнаған
Қойнында, Отаным, өсемім.

Мекені — еңбектің, бақыттың,
Алуан асқақты өнердің,
Ғылымның, шалқыған шаттықтың
Әсем ән, тәтті күй, өлеңнің.

Т. ҚАРАБАЕВ,

Қарағанды, 7-қазақ орта
мектебі.

ОТТЫ, ЕР ЖҮРЕКТІҢ ЛЕБІ

(Ф. Э. Дзержинскийдің қайтыс болғанына 25 жыл толды).

Барлық саналы өмірін-халықтардың бақытына арнаған, революцияның батыры, Ленин мен Сталиннің сенімді серігі Феликс Эдмундович Дзержинскийдің қайтыс болғанына 20 июльде 25 жыл толады.

Дзержинскийдің өмірі — өз Отанын сүюдің, оның келешегі жолында қызмет етудің, асқан ерліктің, табандылықтың, төзімділіктің үлгісі. Оның Октябрь революциясына дейінгі өмірінің көбі қуғында, айдауда, абақтыда өтті. Бірақ ұлы революционердің жігерін патша үкметінің ешбір жазасы құм ете алмады. Ол революциялық жұмысын тоқтаусыз жүргізе берді.

Елімізде Совет өкметі орнасымен Дзержинскийге мемлекеттік ең жауапты қызметтер жүктелді. Азамат соғысы кездерінде, еліміз үшін аса қыйын жылдарда ол Төтенше Комиссияны басқарып, революция жауларына аяусыз соққы беруді ұйымдастырды, жас совет мемлекетінің бейбіт жолмен дамуына қызмет етті, партиямыздың қырағы сақшысы болды.

Біз төменде, Дзержинскийдің екі хатын жариялап отырмыз. Бұл хаттарын ол түрмеде отырып, анасы А. Э. Булгакқа жазған.



ҚЫМБАТТЫ АЛЬДОНА!

... Сен мені «байғұс» деп есіркейсің. Жөк, мықтап қателесесің. Рас, өзімді өмірге ризамын, бақыттымын деп айта алмаймын, бірақ мұным түрмеде жатқандығымнан емес. «Еркіндікте» мағнасыз, лас өмір сүріп жүргендерден өзімнің әлде қайда бақытты екенімді сеніммен айта аламын. Егер де маған я түрмені, я мағнасыз бостандық өмірді таңдауға тура келсе, мен біріншісін қалар едім. Онсыз тіршілік ету түкке тұрмас еді. Міне, сол үшін, түрмеде жатсам да, мен жабықпаймын. Түрмеде жатып өзіңнің өткен өміріңе үңілесің, оған уақыт жеткілікті, мұнысына да шүкіршілік, неге десен, маған осының өзі де пайда. Түрме тек жаны жасық жандарға ғана үрей туғыза алады...

Рудольфигінің дені сау ма? Есейіп қалған болар? Жүре ме, сөйлей ме? Адалдықты барлық дүниеден жоғары қоятын етіп тәрбиеле, білдің бе, неге десен, ондай жан өмірдің қандай күйіне кездесе де, өзін бақытты сезінеді.

Ковно түрмесі,
1898 жылғы 13-январь.

ҚЫМБАТТЫ АЛЬДОНА!

Хатыңды осыдан екі күн бұрын алдым. Сарыла, зарыға келіп, ақыры жұмыс табатын болғаның мені қатты қуантады. Сендердің халдеріңді бек жақсы түсінемін. Өрімдей балаларды асырауға бөрышты ата-ананың өмірден өзіне лайықты орын таба алмауы ауырақ қой.

Әйтсе де менің ойыма көбіне мынау келеді: Өмір бізді қалайша

екі айырды? Қалайша бізді екі түрлі күйге салды? Бірімізді тұрмыстың қара өзені тұңғыйығына батырса, екіншіміздің ол жұлығымыздан да келмейді. Мен сенен әлде қайда жаспын. Алайда өзімнің осы қысқа өмірімде көп нәрсені көріп, көп нәрсені көңілге тоқый білдім. Ең кәрі деген шал осы мен көргенді басынан кешірсе, өміріне мақтана алар еді деп ойлаймын. Шынында да, мен сыяқты өмір сүріп отырған адам ұзақ жасай алмайды. Мен жартылай жек көру, немесе жартылай жақсы көру дегенге жөкпын. Мен жанымның жартысын беру дегенге жөкпын. Мен не жанымды түгел ортаға саламын, не, түкте бермей қатып қаламын. Мен өмірдің барлық ащы уын ішкен, сонымен қатар барлық шырынын да татқан жанмын. Егер біреулер маған: мандайыңдағы сай-сай әжіміңе, тарамысыңа іліккен тәніңе, кәзіргі өміріңе қара, өмір сені тыйтықтаған, қара да, соны ұға біл десе, мен оған мынаны айтар едім: өмір мені тыйтықтаған жөк, өмірді мен тыйтықтаттым. Менің бойда барымды өмір алған жөк, ондағы барды кең көкрегімді толтыра, бар жаныммен сусай отырып, мен алдым!

Альдона, ренжіме! Мен сыяқты жандардың жүрегінде ұшқын барын жадыңнан шығарма... Бұл ұшқын қаптаған қалың өртте де бақытқа ие етеді. Тек қана балаларды аяймын!.. Мен бұл өмірден көзі де, сөзі де егле адамнан аумаған, өзі кішкентай, өзі нәзік мүскін балаларды көрдім, о, міне, бұл сұмдық! Мұқтаждық, анасы жөқтық, көшеде, сырақаналарда

алған тәрбие бұл балаларды қор етеді, өйткені олар өзінің жас жүрегін өмірдің зәрімен, бұзылғандықпен улайды. Бұл сұмдық! Мен бір жағынан сұрапыл кіріп-тарлыққа, екінші жағынан шалқыған байлыққа қарап, бұл бөбектерді бұзуға апарады-ау деп ойласам... сенің балаларыңа қуанам. Сендер бай емессіңдер, сонымен қатар онша кедей де емессіңдер. Өмір сүру үшін жұмыс істеу қажеттігін олар қаршадайынан көреді. Демек, олардан нағыз адам шығады. Бала дегеніміз — келешек емес пе! Олар рухани күшті, кішкентайынан өмірге бейім болып тәрбиеленуге тиіс.

...Өзім жөніне келетін болсақ: тегі, әрі кеткенде екі айдан кейін Шығыс Сибирьдің Якутскі облысына жіберілемін ғой деген үмітім бар. Денсаулығым мәз емес. Өкпем, мені, шынында да, ештеп мазалауға бет алды. Көңіл бір де жүдеу, бір де шат. Түрме камерасында өткізген жалғыздық көңілге тиісті із қалдырған түрі бар. Бірақ та, рухани күшім әлі де 1000 жылға, тіпті одан да көпке яғни өлгенімше, өлгенімнен кейін де талай заманға жетеді. Өйткені, менің қабріме гүлдер өседі, гүлдерден — жеміс, жемістен — дән өседі, содан кейін дәннен тағы да гүл өсіп, тоқтаусыз солай кете береді. Мен сол бір өшпес жалынды кәзір де түрмеде жатып-ақ көріп отырмын. Ол жалын — менің жүрегім, осында азап шеккен менің барлық жолдастарымның жүрегі.

Седлецкі түрмесі,
1901 жылғы 8-октябрь.



ПИОНЕР ЛАГЕРІНДЕ НЕ ІСТЕЙТІНІҢДІ ЖАҚСЫ БІЛ



Балалар, сендер жазғы демалысқа шықтыңдар. Көпшілігің пионер лагерінде тынығып та жүрсіндер. Лагерде уақытты жақсы өткізумен қатар, табиғатты зерттеу жөнінде сендер көп мәлімет аласыңдар.

Лагерде қоршаған табиғатқа ой жібере білсең, көп нәрсені ұқтырады. Мұнда табиғат құбылыстарына, өсімдіктер мен хайуанаттар дүниесінің сырларына қанығуға болады. Сонымен қатар, жорықтарға, экскурсияға шығып, картаны қалай айырып, қалай пайдалануды үйренесіңдер, жергілікті түрлі құбылыстарға, күнге қарап бағытты бағдарлай білетін боласыңдар, шыбын-шіркейлер коллекциясын, өсімдіктер гербарийін, дәрі-дәрмек өсімдіктерін жиясыңдар, мектептегі жанды табиғат мүйісіне кесертке, усыз жылан сыяқты жәндіктер алып қайтасыңдар.


Бақша-бауларға, егін, огородтарға экскурсия жасау дәнді егістердің, овоштардың, жеміс өсімдіктерінің түрлі сортымен, оларды өсірудің жолдарымен танысуға да мүмкіншілік тудырады. Сол сыяқты, ауа райының құбылысын бақылаудан да көп нәрсені көңілге түйесіңдер.

Біз төменде коллекциялар мен гербарийларды жыю жөнінде кеңес береміз.

ГЕРБАРИЙДЫ ҚАЛАЙ ЖЫЮ КЕРЕК?

Гербарийды тегіне, түріне, формасына қарап жеке-жеке, жүйемен қаттап жыю қажет. Сонымен бірге, арам шөптерден, дәрі өсімдіктерден, түрлі гүлдерден де өз алдына жекелеп гербарий жыюға болады. Әрбір экскурсияға шығарда қандай гербарий жиятындықтарыңды белгілеп алуларың керек.

Жыйналған өсімдіктерді ұзақ уақыт сақтау үшін кептіру шарт. Бұл кептіруді ботаникалық пресспен қысу арқылы жүзеге асыру қажет. Бұл қыйын жұмыс емес. Тек ұқыптылық керек. Пресс 2 жақтаудан жасалады. Бұл жақтауларға темір тор, не қа-



тар-қатар тескен үйеңкі орнатылады. Пресстің екеу болғаны жөн. Бірі үлкендеу (50 x 40 сантиметр) болсын. Өсімдіктерді кептіретін негізгі пресс осы болуға тиіс. Екіншісі одан кіші (40 x 30 сантиметр) болады. Мұны ботаникалық папкамен қосып жорыққа ала жүруге болады.

Гербарий үшін жыйналатын өсімдіктер тамырымен қазылып алынады. Содан соң тамырдың топрағын түсіріп, қаттап жыю керек. Тамырының, сабағының, жапырағының үштері салынған қағаздардан шығып тұрмайтын болсын. Әр өсімдіктің жапрақтары мен сабақтары қатталғанда, бірінен-бірі биік болып кетпесін. Егер сабақ жағы биік болып бара жатса, жапрак үстіне қағаз салған мақұл. Жорықтан қайтқан соң өсімдіктерді негізгі пресске салу керек. Торға газеттің 4—5 беті жайылады. Содан соң өсімдік салынады, содан соң тағы да газеттің 2—3 беті жайылады да, өсімдік қойылады. Міне, осылайша кете береді. Астыңғы қабатқа да газеттің 4—5 беті төселеді де, үстіне екінші жақтау қойылады. Прессті жіппен тартып байлап, тігінен күнге қаратып қою керек.

Өсімдік өзінің табиғи түрін сақтау үшін, жайғанла, мынаны ескерген жөн: күн сайын дымқылданған қағазды құрғақ қағазбен өзгертіп отыру (алғашқы екі күнде күніне екі реттен) шарт. Гүлдер өзінің формасын сақтау үшін оларды құмда кептіру қажет. Құм салынған қорап жылы жерге қойылады. Егер өсімдікті сабағынан ұстап төмен салбыратқанда, жапрақтарының бір-бірі иіліп салбырамаса,—кепкені. Демек өсімдіктер енді сабағынан еңсіз ақ қағазға оралып, қатты қағазға қыстырылады. Төменгі жағына этикетка жапсырылады. Қатталған гербарийлар қатты қағаздан немесе үйеңкіден жасалған папкаға салынады.

ШЫБЫН-ШІРКЕЙЛЕР КОЛЛЕКЦИЯСЫН ҚАЛАЙ ЖЫЙНАУ КЕРЕК?

Көбелектерді сүзгімен ұстауға болады. Сүзгінің сабы 100—110 сантиметрден аспауға тиіс. Оның басына кәдімгі дорба қауға сыяқты сүзгіш байланады. Қанатынан тозаң шашпау үшін ұсталған көбелекті екі саусақпен кеудесін аздап қысып, есін тандырған жөн. Ал, түн көбелегін бұлай етуге болмайды. Өйткені ол тез бұзылады.




Содан кейін көбелектерді аузы кен шыны шөлмекке салу керек. Шөлмектің түбіне қағаздың қыйқымы тасталады. Шөлмекке тығылатын тығынның төменгі ұшына түйреуішпен кішкентай мақта түйреп, оған күкірт немесе уксус эфирін тамызып жіберіп тез жаба қою қажет. Бұл сұйық заттың буынан шыбын-шіркейлер тұншығатын болады.

Қоңыз сыяқты бірқатар шіркейлерді бұдан кейін түйреуішке шаншып кептіріп алып, қорапқа салу керек. Ал, көбелектерді қанат, мұрты жазулы күйінде алдымен бойына шақ қалыпқа реттеп салып алып барып кептіру қажет. Көбелек, әдетте, 10—15 күн ішінде кебеді.

ШЫБЫН-ШІРКЕЙЛЕРДЕН КОЛЛЕКЦИЯ КҰРУ ЖОЛДАРЫ:

Коллекция құруға түрлі үйенкіден жәшіктер, қатты қағаздан жасалған қораптар пайдаланылады. Бір қораптың өзіне шыбын-шіркейдің неше алуан түрінен жүйелі коллекция жасауға болады. Қораптың үстіңгі беті әйнек болуға тиіс. Қораптың түбіне қалың етіліп кептірілген шым төселіп, бетіне таза қағаз салынады.

Әрбір шіркейдің жанында этикетка болуға тиіс. Онда шіркейдің аты, кімнің қай жерден ұстағандығы көрсетіледі.



* * *

Жас натуралистердің бұлардан басқа да шұғылданатын жұмыстары өте көп. Гүл отырғызу сыяқты нешестүрлі игілікті істермен шұғыдану да қажетті-ақ. Біз оның бәріне тоқтала алмадық.

Натуралистік жұмыстардың қортындысына арнап, лагерь жабыларда көрме ұймыстыру өте қажет.

М. ДАВИДЕНКО.

ЖАСАНДЫ ҚАРА ТОРҒАЙ

Алматы Пионер сарайының биология кабинеті. Ертемен балғаның тақыл-тықылы естіледі. Жас табиғат зерттеушілер Юра Лысенко, Оля Ульман тағы басқалары бір құрал жасап жатыр. Бөлшектелген аспалы сағат, аккумулятор, сым — мұның бәрі жас табиғат зерттеушілер дала кұстарының күнкөрісін бақылайтын құралдың бөлшек заттары.

Бұл құрал бірнеше жыл бойы сыналды. Осы есепші-құралдың бақылаушы адам қызметін атқара алатыны анықталды.

Қара торғай пайдалы кұстардың бірі екенін жұрттың бәрі біледі. Бірақ қаншалықты пайда келтіретінін ешкім білмейді. Алматы Пионерлер сарайының жас табиғат зерттеушілері қара торғайдың пайдалылығын зерттеді. Олар торғайдың уя салған жерінде тұрып, күніне қанша рет тамақ әкелетінін және қандай тамақ әкелетінін жазып отырды. Бірақ, бұған өте көп уақыт кететін болды және торғай тұмсығына қысып қандай жәндік әкелгенін әрқашан айыра беруге мүмкіндік болмады. Сондықтан «биологиялық бақылауды механикаландыру керек» деген ой келді. Кешікпей құрал да дайын болды. Аспалы

сағаттың механизмі минуттік тілдің орнына, телеграф лентасы оралған дөңгелекті айналдыратын болады. Ал, ол дөңгелектің үстінде лентада электр магнитке жалғасқан авторучканың сызатын ұшы бар. Егер сымды түйістірсе, авторучка лентаға көлденең сызық сызады. Осы түйістіру арқылы жас табиғат зерттеушілер торғай жасады... Кабинеттің терезесінен торғайдың ұясына қос сым тартылды. Егер торғай уя алдындағы арашқа қонса, оның салмағынан сымдарда контакт болып, кабинеттегі қалам лентаға көлденең сызық сызады. Бір тәулікте торғай ұясына неше рет тамақ әкелсе, лентада сонша сызық болады. Осы құрал арқылы балалар тәулігіне торғай неше рет тамақ әкелгенін дәл есептеп шығарды.

Осыдан соң оқушылар есеп құралын тау, орман, далаға апарып, басқа кұстар өз ұясына бір тәулікте неше рет тамақ әкелетінін білді. Мысалы, пеночка деген кұс тәулігіне балапандарына 550 рет тамақ әкеледі екен. Ал, балапанын, өзі асырайтын маусымда ол 16000 шыбын-шіркей әкеледі, оның 60 проценті орманға зиянды жәндіктер.

Енді кұстар ұясына қандай

шыбын-шіркей әкелетінін дәл анықтау керек еді. Ол үшін жаңа құрал жасап шығарылды. Оны жасанды балапан дейді. Дәлірек айтқанда, кұстың жасанды басы, тіпті тұмсығы мен маңдайы ғана. Бұл құрал кабинетпен жалғасатын сым арқылы ұяның аузында қозғалыссыз тұрады. Торғай келіп ұясына қонғанда, оның салмағынан сымдарға контакт беріледі де, жасанды бастың аузы ашылады. Анасының үнін естіген балапандар жабық уяда тұрып шыйқылдай бастайды. Бұл кезде торғай жасанды тұмсыққа әкелген жәндікті тастап, қайта ұшып кетеді. Жәндіктің салмағынан тұмсық жабылады да формалин кұйылған шыны ыдысқа түседі. Ал, балапандарды күніне бірнеше рет уядан алып, қолдан тамақтандырады.

Есептеп қарағанда, егіннің маңында жүретін екі торғай, балапандары уядан ұшқанша, бір центнерден аса дән жейтін зиянды жәндіктерді жояды екен.

Кәзір Алматы Пионерлер сарайының жас табиғат зерттеушілері өздері жасап шығарған осы құралын Москвадағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне апаруға әзірленуде.

М. ЗВЕРЕВ.

Аудан мен көлемді қалай өлшейді

Колхоз шаруашылығына атсалысатын оқушылар өңделетін жердің мөлшерін, астық пен мал азығы сақталатын қоймалардың сыйымдылығын, шөп маяларының көлемін айыра білуі өте қажет. Біз сондай оқушыларға көмек ретінде кеңес береміз.

Ауданды қалай өлшейді?

Ең алдымен өлшейтін ауданның түрін айыра білу қажет. Олар мыналар: тік бұрышты төртбұрыш, шаршы, үшбұрыш, параллелограмм және трапеция.



Тік бұрышты төртбұрыштың ауданын өлшеу үшін бір қабырғасын (табаны), содан кейін екінші қабырғасын (биіктігін) өлшеп, алынған екі санды өз-ара көбейту қажет. Есептеу бір өлшем бойынша; мысалы метрмен жүргізіледі. Сонда көбейтінді тік бұрышты төртбұрыштың шаршы метрмен есептелген ауданын көрсетеді.

Мысалы: тік бұрышты төртбұрыштың бір табаны — 40 м., ал биіктігі — 20 м. болса, оның ауданы $40 \times 20 = 800$ шаршы метрге тең болып шығады.

Егіндіктің ауданы шаршы болса, оның төрт қабырғасы бір-біріне тең болады. Сондықтан шаршының бірақ қабырғасын өлшеп өзара көбейтсе, оның ауданы шығады.

Параллелограмның ауданын шығару үшін табанының ұзындығын биіктігіне көбейту қажет.

Табаны — 60 м., биіктігі — 20 м. болса, параллелограмның ауданы $60 \times 20 = 1200$ шаршы метрге тең болады.

Трапецияның түрі 1-суретте көрсетілген. Трапецияның ауданын табу үшін екі табанының ұзындығын қосып, екіге бөлініп, бөліндіні биіктігіне көбейту керек.

Мысалы: суреттегі трапеция-


ның ауданы $60 + 80 = 140 : 2 = 70$; $70 \times 40 = 2.800$ шаршы метрге тең.

Үшбұрыштың ауданын өлшеу үшін табанын биіктігіне көбейтіп, көбейтіндіні екіге бөлу керек. Мысалы үшбұрыштың табаны 100 м., биіктігі — 40 м. болса, оның ауданы $100 \times 40 = 4000 : 2 = 2000$ шаршы метрге тең.

Өлшеуге тиісті даланың түрі күрделі болса, оның ауданын өлшеу үшін, бұл даланы бірнеше қарапайым түрлерге: тік бұрышты төртбұрышқа, үшбұрышқа және тағы басқаларға бөліп, олардың бәрінің ауданын қосу керек.

Аудан көлемін гектарға айналдыру үшін, бір гектардың 10.000 шаршы метрге тең екендігін білсе болғаны.

Шошақ шөптің және маяның көлемін қалай өлшеу керек?



Шошақ шөптің шеңбері мен биіктігі өлшенеді. Шеңбердің ұзындығын өзіне өзін көбейтіп, көбейтіндіні биіктігіне көбейту керек. Осыдан шыққан санды 36-ға бөледі. Сонда шошақтың шамамен алғандағы көлемі шығады (2-сур.).

Мысалы: шошақ шөптің шеңбері — 6 м., биіктігі — 3 м. Сонда оның көлемі $6 \times 6 \times 3 = 108$; $108 : 36 = 3$ текше метрге тең болады.

Ал, маяның көлемін айыру үшін, бір жақ табанынан маядан асырып, екінші табанына шейін жіп-арқаң лақтырып, жуандығы өлшенеді. Осыдан кейін іргесінен маяның ұзындығы мен көлденеңі


өлшенеді. Маяның жуандығы мен көлденеңі қосылады да, қосындыны 4-ке бөледі, өзіне-өзі көбейтіліп, маяның ұзындығына көбейтіледі. Сонда маяның шамамен алғандағы көлемі шығады.

Мысалы: маяның ұзындығы — 12 м., көлденеңі 4 м., жуандығы 16 м. Көлденеңі мен жуандығын қосамыз: $4 + 16 = 20$, оны 4-ке бөлеміз, $20 : 4 = 5$, өзіне өзін көбейтеміз, оны маяның ұзындығына көбейтеміз, сонда маяның көлемі $5 \times 5 \times 12 = 300$ текше метр болады. Шөмеледегі немесе маядағы шөптің салмағын анықтау үшін, таблица бойынша бір текше метр шөптің салмағы қандай екенін білу керек. Таблицада көрсетілген санды жалпы көлемге көбейтсе, маяның салмағы шығады.

Сүрленген шөп сақталатын ұраның көлемін қалай өлшеу керек?

Ұраның жер бетіндегі көлденеңі мен түбінің көлденеңі өлшенеді, бұл екі сан қосылады да, 2-ге бөлінеді, осыдан кейін қосындыны ұраның тереңдігі мен ұзындығына көбейтеді (3-сурет).


Мысалы: ұраның жер бетіндегі көлденеңі мен түбінің көлденеңін қосамыз да, қосындыны 2-ге бөлеміз. $2,3 + 2,7 = 5$ м., мұны тереңдікке көбейтеміз $2,5 \times 2,4 = 6$ шаршы метр, бұл көбейтіндіні



ұраның ұзындығына көбейтеміз $6 \times 60 = 360$ текше метр ұраның көлемі болып шығады.

Агроном Н. ДЫМОВСКИЙ

ДЕПОҒА ЭКСКУРСИЯҒА БАРДЫҚ



Станцияның солтүстік жағында біріне-бірі тіркес салынған үлкен ақ үйлер көзге айрықша түседі. Бұлардың ішінен ерсілі-қарсылы жөңкілген қуатты паровоздарды көресің. Бұлар — паровоз жөңдейтін депо үйлері. Мұны мына тұрған бір топ оқушының бәрі біледі.

Біздің 22-қазақ мектебінің оқушылары — депоның жиі қонақтары. Теміржолшылар оларды осылай деп атап кеткен. Бұл балалар қаршадайынан теміржол бойында өскендіктен бе, әлде теміржолшы ата-аналарынан алған өнегесі ме, әйтеуір теміржол техникасына құмар-ақ!

Бұдан бұрын да бірнеше рет жоғарғы класс оқушылары физика пәні оқытушысы С. Тұрмағамбетовтың басқаруымен экскурсияға барып, бу машинасының жұмысымен танысып қайтқан болатын. Экскурсияшылар паровозды жыйнап жатқан кезде, оның ішкі құрылыстарын көрді. Паровоз механизмінің жұмысын осы депоның клубында кино-картинадан көріп танысты. 10-класс оқушысы Рафиқ Гизиддинов, 9-класс оқушысы Гүлнар Керімбекова 4-класс пионерлері арасына келіп, экскурсияда көрген-білгендерін әңгімелеп берді.

Оқу жылы аяқталғаннан кейін аға жоғарғы С. Хамидуллина 4-класс пионерлеріне паровоз депосына экскурсияға баруды хабарлады.

Пионерлер бұл хабарды қуана қарсы алды.

Міне, 4-класс пионерлері жөңделіп жатқан паровозды қызықтап қарап тұр. Пионер Жаныбек Садықов жұмысшы Қайқұлов Жұматайға қарап:

— Мұның дөңгелектері тым ауыр емес пе, мұны қалай көтересіздер? Былтыр стадионда күшті палуан бұдан әлде қайда кішкентай екі-үш дөңгелекті әрең көтерген еді, сіз палуансыз ба? — деді. Жұматай жымыйып күлді де:

— Палуан емеспін. Бірақ техниканы меңгерген кісі палуан да ғой. Міне, көріңдер, біз қалай көтереміз! — деп бір тұтқаны төмен басты да, электр күшімен паровозды дөңгелегінен бөліп алып жоғары көтерді. Осыдан кейін үлкен крандардың қалай жұмыс істейтінін айтып берді ол. Пионерлер осылай талай цехты аралады. Экскурсияның соңында балалар бір топ жұмысшымен әңгімелесті. Балалардың қызықтап тыңдағаны осы станцияда 20 жыл жұмыс істеп келе жатқан стахановшы Мәукеңовтың әңгімесі болды. Ол өзінің сөзін бу машинасы мен паровоз ең алғаш біздің елде, оны орыстың өнерпаздары И. Ползунов пен Е. Черепанов жасап шығарғанынан бастады. Біздің еліміз дүние жүзінде ең үшті ұлы теміржолды ел екендігін және біздің елдегі қуатты «Қызыл стрела», «ФД», «СО» паровоздары туралы, жаңадан шыққан тепловоздар туралы, олардың басқа елдер паровозынан артықшылығын айтты.

Ш. ҚОШАНОВ,

22-мектеп, I-Алматы станциясы.

ПИОНЕРЛЕРДІҢ ІСІ

Сейдахмет Сарбасов быыл 4-класы бітірді. Оның мынандай бір ісі мектепке қана емес, бүкіл Шымкент станциясына мәлім болды.

Сейдахмет кешке жақын сабақтан үйіне қайтып келе жатты. Алдында темір жол рельсі сынып жатқанын көріп, кенет, ол кілт тоқтай қалады. Оның көз алдынан келе жатқан жүк поезі елестеді, «апырай, поезд апат болады-ау» деген ой оны мазалай бастайды. Алды-артына қадала көз жіберіп еді, таяу жерде келе жатқан поезд көрінбеді. Бала қуанып кетіп, дереу станцияға ұмтылды, жүгірген бойымен келіп дежурныйға хабарлады.

Жол жөңделді, станция бастығы пионерге алғыс айтты.

Х. БОЦАЕВ,

Шымкент қаласы.



БІЗДІҢ ЖОРЫҚ



Бұл тамаша жорығымызды физкультура пәнінің оқытушысы Ермұханов ағай бастады. Бет алысымыз — «Құсмұрын» шоқысы — едәуір алыс жол. Міндет — ҚЛҚЖО-ның V-сөзсі құрметіне, сол шыңның басына шығып, ту тігіп қайту, табиғаттың тамаша сырларына қанып, серуен жасау.

Узақ жүрдік, қараңғы түсті. Үш баладан дозор отряды құрылып, алды орап, кейінгілерге бағыт беріп келеміз. Түнгі сағат он екінің кезінде «Құсмұрының» етегіне жеттік.

Жорықшылар түгел бас қосты. Қостыр жақтық. «Құсмұрын» шыңы қарауытып дәл жанымызда тұр. Біз басына шыққанды асығып, таң тез атса екен деп, тықыр-шумен болдық. Қызық әңгімемен отырып біркезде таңды да атырдық.

...Шыңға шабуыл басталды. Оның қыя тасын өрмелеп басына өрлеп келеміз.

— Ой, қандай тіп-тік! — дейді Несіпбай. — Шыңға алар ма екенбіз?

— Шығамыз, — дейді Шолпан оған күлімсірей қарап.

...Біз жеңдік. Шың жеңілді. Бірімізді біріміз демей, көмектесе отырып, құздың ұшар басына шықтық. «Бұған шыққан Құрманов мектебінің бір топ оқушысы» деп аты-жөнімізді көрсетіп жазу жазып, шың басына кішкентай қызыл жалау тіктік.

Біз қайтып келе жатып, күлімдеп артымызға қараймыз. Шың басында қызыл жалау желбіреді. Ол бізге қол былғап: «Тағы да келіп тұрыңдар» деп тұрған сыяқты болып көрінеді. Сонымен қатар, ол жорығымызға ескерткіш боп, туған жерімізді сүйетіндігіміздің, оны зерттеуге, меңгеруге жасымыздан талпынып өсетіндігіміздің куәсіндей желбіреді.

С. НҰРЖАНОВ,

Ойыл ауданы, Құрманов мектебінің оқушысы.

БАСКЕТБОЛ ОЙЫНЫ

Никитин мектебінің жас баскетболшылары мектеп аралық жарыс болады дегенді естіп қызу әзірлікке кірісті. Олар жақсылап жаттықты. Жарыс болатын күні ертемен тұрып, сап түзеп жарыс өтетін стадионға келді.

Түркстан ауданының басқа мектептерінен де баскетболшылар жыйылды. Қай команда озып шығар екен, деп жұрт ойын басталмай тұрып-ақ қызықтай бастады.

Бірінші болып жарысқа Никитин мектебінің баскетболшы командасы мен Калинин атындағы мектептің баскетболшылары түсті. Никитиндіктер салған жерден үйіріп әкетті, олардың ойынына жұрт сүйсініп отырды. Ойынның қорытындысы 52 : 2 болып, Никитин мектебі командасының пайдасына шешілді.

Бұл күнгі достық кездесуде никитиндіктер алдына жан салмады. Жарыстың қорытындысында бұл команда бірінші орынға ие болды.

Бұл жарыс көп командаға ой салды, намыстарын қоздырды. Әсіресе, 19-мектептің жас баскетболшылары келесі жарыста озып шығуды көздеп, қызық әзірлік жүргізді. Мектепте бұрын стадион тәртіпке келтірілмеген еді, қайтадан жөнделді. Командада тәртіп күшейтілді, жаттығулар ұқыпты жүргізілді. Соның арқасында мұндағы команда жақсы ойнайтын болып алды. Олар енді келесі жарысты, Никитин мектебінің баскетболшыларымен бірінші боп кездесуді асыға күтуде.

Қ. ПСМАЙЛОВ,

Түркстан ауданы, 19-мектептің оқушысы.



★
Алматы селендік ауданы Сталин атындағы колхоздағы мектептің тәжірибе участогы. Мұнда 0,25 гектар бүлдірген, 2 гектар жүгері, 50 түп алма ағашы, 112 түп өрік бар.

Суретте. Әбдірәим Әмітов (сол жақтағы) пен Мұрат Нұрлыбаев бүлдірген ағаштарын күтіп жүр.

Суретті түсірген П. Редько.


★

ШЕҢБЕРЛІ ЭСТАФЕТА

Бұл ойынды екі команда болып ойнайды. Командадағы адам саны тең болуы керек. Әр команданың алдында тұрған ойыншылар белгі берілгенде, орта көмбеге қарай жүгіре жөнеледі. Әрбір ойыншы жүгіріп келе жатып, жолында орнатулы үлкен шеңберден өтеді, ал орта көмбеге жеткенде, жерде жатқан шеңберді қолына алып, басына киіп жерге түсіреді.

Ойыншы шеңберді орта көмбеге қалдырып, жолдағы бекітулі шеңберге соқпай, көмбеге қарай жүгіреді. Алдыңғы ойыншы қайтып келіп, кезектегі ойыншының қолын ұрғанда, ол жүгіре жөнеледі. Жүгіріп қайтқан ойыншы сап-

тың соңына барып тұрады. Алдыңғы жүгірген ойыншыны стар-



ка бұрын келген команда жеңіп шығады.

ДОПТЫ ШЕҢБЕРДЕН ШЫҒАРЫП КӨР

Ойнаушылар шеңбердің бойына орналасады, аяқты жазықырап тұрады. Көрші ойыншылардың аяқ ұштары түйісіп, екі қол тізе де болуы керек.

Ойыншылар допты шеңбердің ішінде тұрған айдаушыға бермей, қолмен ұрып жерде домалатады. Айдаушының міндеті — допты домалаған бойда шеңберден сыртқа шығару. Ойнаушылардың доп-

ты аяқпен ұруына немесе басып қалуына болмайды. Доптың сыртқа өтіп кететін хаупі болған кезде, ойнаушы қолмен допты ішке қарай қағып жіберуіне болады.

Допты сыртқа өткізіп жіберген ойыншы айдаушының орнына тұрады. Доп екі ойыншының арасынан өтсе, допты оң жағынан өткізген ойыншы айдаушы болады.


ЕКІ НЫСАНА

Қабырғада немесе тік жарда қара бояумен екі шеңбер — нысана сызылады. Қорғаушы нысананың алдында тұрады, қабырғадан 10 метр жерде сызылған сызықтың бойында өзге ойнаушылар орналасады.

екі нысананың біріне тигізуді көздейді. Осы кезде қорғаушы нысананы денесімен қалқалап, допты қолмен, не аяқпен қағып алып, ойыншыларға қарай қайта лақтырады. Доп нысанаға тиген сәйін, қорғаушы бір ұпай ұтқыза-



Ойыншылар допты қолмен лақтырып немесе аяқпен ұрып,



ды. Үш ұпайдан ұтылған қорғаушы, нысанаға соңғы рет доп тигізген ойыншыға өз орнын береді.

НАЙЗАҒАЙ ҚАНША УАҚЫТҚА СОЗЫЛАДЫ

Жарқ еткен найзағай қара бұлтты тіліп өтті. Әп-сәтте айна-ланың бәрі жап жарық болып кетіп қайта қалыбына келді.

Осы бір сәтте жүріп келе жатқан автомобиль дөңгелегі бір орында қозғалмай тұрғандай, адамдар бір аяғын көтерген қалпында қолапайсыз сыяқты көрінеді. Ағаш бутағын жел жерге неді де, найзағай жарқ еткенде о да қыймылсыз тұрғандай болып көрінеді. Бұл неліктен?

Найзағай бар болғаны секундтың өте аз бір бөлегіне ғана созылады. Біз «бір» деп санап үлгірмей жатып, найзағай жарқ етеді де, сөніп қалады. Сол бір сәт ішінде автомобиль дөңгелегі, жүріп келе жатқан адамның аяғы, ағаштың жапырағы өзінің қалпын өзгертіп үлгіре алмайды. Міне сондықтан да найзағай жарқ еткен уақытта барлық заттар суреттегідей қыймылсыз болып көрінеді.



БІЗ ҚОЛДЫ НЕЛІКТЕН САБЫНМЕН ЖУАМЫЗ

Қолыңды тазалап жуып, осыдан кейін лабораториядағы ішінде бірнеше ондаған миллион кокк микробы бар сорпаға бір саусағыңды батырып көрші. 2 сағаттан кейін осынша сансыз микробтың 7 мыңдайы ғана тірі қалады. Өзгесі қырылып бітеді.

Ал қолың кір болса, әлгі микробтар тіпті азаймайды деуге болады.

Өйткені адамның терісінде микробты өлтіретін ерекше қасиет бар. Ая кірлі денеден микроб өлмейді. Сондықтан адам әрқашан да үстібасын, денесін таза ұстауға тиісті.

ТОРПЕДА ҚАШАН ШЫҚҚАН

Орталық мемлекеттік соғыс-теңіз архивында бірнеше қызық документтер бар. Сол документтердің бірінде дүние жүзіндегі ең бірінші өзі жүретін мина — торпеда Россияда жасалғандығы айтылған. Ол торпеданы орыс халқының қалың ортасынан шыққан дарынды өнерпаз Иван Федорович Александровский 1865 жылы жасаған.



СУЫҚ ТА ПАЙДАЛЫ

Суық та пайдалы дегенге сене қою аса қыйын сыяқты. Бірақ, суықтың адам тұрмысында зор маңызы барлығына көз жеткізу қыйын емес.

Тез бұзылатын ет, май, сүт, балық тағы сол сыяқты азық-түліктерді бүлдірмей сақтау үшін тұздап, ыстап, кептіріп, түрлі шаралар қолданады. Бірақ, мұндай шаралар қолданғаннан кейін азық-түліктердің алғашқы қасиеттері (дәмділігі, жұғымдылығы, сыртқы түрі) өзгереді. Егер сол азық-түліктерді бірден суыққа шығарып қатырып тастаса, онда олардың

дәмі де, жұғымдылығы да, сыртқы түрі де өзгермей, көп уақыт сол алғашқы күйінде сақталады.

Сонымен қатар, кәзіргі уақыттағы техника мен өнеркәсіптің түрлі тарауларында суықтың қолданылатын 250 деп аса пайдалы орындары бар.

Суық химияда металдарды өңдеу өнеркәсіптерінде, қопарғыш заттар, синтетикалық каучук жасағанда, мұнайдан парафин шығарғанда, суыққа шыдамды жана өсімдіктер өсіргенде, шахта қазғанда түрлі ғылыми зерттеулерде пайдаланылады.

ТҰҢҒЫШ КАТЕР

1838 жылы орыс оқымыстысы Борис Семенович Якоби сол күнге дейін болып көрмеген катер жасап шығарды. Бұл катердің бір ерекшелігі — онда электр магниті қозғағышы орнатылған болатын. Үстінде он төрт адам отыр-

ған бұл катер Неваның бойында ағынға қарсы еркін жүзген еді.

Солайша электр күшімен жүретін дүние жүзіндегі тұңғыш катер орыс жерінің суларында пайда болған.

АНАГРАММА

Егер «Б» дан бастасаң,
Жеміс берем мен саған.
«Б» орнына «Т» қойсаң,
Жер биігі болармын.
«Т» ны алып тастасаң,
Балықшыға кұралмын.

ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1951 жылғы 5-санындағы жұмбақтың шешуі сағат.
Сол сандағы кроссоврдың шешуі:

Көлденеңінен оқығанда.

1. Тана. 3. Алма. 5. Қарта.
6. Луара. 8. Армян. 9. Ана. 10. Клара. 12. Асқар. 14. Руслан.
16. Байқал. 17. Таймыр. 18. Ленгер. 20. Румын. 21. Алдан. 23. Фин.
25. Балта. 29. Нарын. 30. Ғабит.
31. Арша. 32. Нұра.

Тігінен оқығанда.


1. Тарих. 2. Аврора. 3. Африка.
4. Алмас. 5. Көмір. 7. Архар.
8. Амур. 11. Арал. 12. Алжир.
13. Роман. 15. Нар. 16. Бел.
17. Тула. 19. Рона. 22. Лимон.
23. Физика. 24. Нанкин. 26. Тибет.
27. Тонна. 28. Жорға.

ЖУМБАҚ

Мен өзім жүре берем күн-түн
демей,
Бірақ лағып кетпеймін жөнін
білмей,
Қонрау соғып қоямын анда-санда,
Алайда сендер мені соғып алма!

С. МАРШАК.

Сол сандағы жұлдыз былай салынады.



Дұрыс жауабын бірінші жібергендер: М. Мұсабеков (Алматы облысы), Т. Хасанов (Жамбыл облысы), Т. Ыбраев, Қ Шуленбаев (Қызыл орда облысы).

Беті

МАЗМУНЫ

Ә. Сәрсенбаев — Жаңбыр	—
А. Даулыбаев — Ауылдағы жас достарға хат	2
М. Дүйсенов — Дария басында	3
Т. Көпеев — Қызық жорық, көңілді демалыс	4
Ә. Нұршаихов — Ауладағы лагерь	6
Б. Мусина — Артектте болғанда	8
Т. Төгісов — Орыс тілі (өлең)	9
Ұлы жазушыға ескерткіш	10
Ж. Тілеков — Бейбітшілік құсы	11
Х. Нұғманов — Қолхоз спортшылары	12
Ә. Қарақұлыв — Ұлы Қытай халқының көсемі	14
Журнал оқушыларының өлеңдері	16
Отты, ер жүректің лебі	17
М. Давыденко — Сен пионер лагерінде не істейтініңді жақсы біл	18
Жас мичуринші	20
Мектептен хат	21
Звенода ойнандар	23
Одан-бұдан	



Редколлегия мүшелері
Т. Абдрахманов (редактор) К. Айманов, К. Баранов, Ә. Бектұров, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, М. Нұртазин, Ә. Сәрсенбаев.

Тех: редактор, Н. В. Федоров

Редакцияның адресі:

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер».

Подписано к печати 30/VI 1951 года. УГ05021. Бум. 84 × 108^{1/16} — 0,75 бум., 2,46 п. л. Тираж 10.800 экз.

Полиграфкомбинат Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР. г. Алма-Ата. Заказ № 2037.

№ 558000

М. Ю. ЛЕРМОНТОВ

Балалар! М. Ю. Лермонтовтың «Ақын өліміне» атты тамаша өлеңін сендер жақсы білесіңдер. Оны жаттап алып, достарыңның, ата-аналарыңның алдында талай тақпақтап айттыңдар да. «Ақын өліміне» ауыр қайғы, ашыну үстінде жазылған өлең. 1837 жылы февраль айында орыстың ұлы ақыны А. С. Пушкин дуэльде ауыр жараланып, соңынан қайтыс болды. Бұл қазаға Россияның алдыңғы қатарлы, адал ниетті адамдарынан қабырғасы қайысып, қайғырмаған ешбір жан қалған жоқ. А. С. Пушкиннің өлімі М. Ю. Лермонтовқа ерекше қатты батты. Ол ұлы ұстазының қайғылы қаза болуына жауап ретінде «Ақын

өліміне» деген өзінің атақты өлеңін жазады.

А. С. Пушкин патша сарайының, патша төңірегіндегі адамдардың өсек-аяғының құрбаны болды. М. Ю. Лермонтов өлеңінде бұл шындықты бүкпей, батыл ашып айтты. М. Ю. Лермонтовтың өлеңі — ұлы ақынды өлтірушілерге деген айыптау акті еді. Өлең жұртқа қолжазба күйінде тез тарады. Патша бұл өлеңді «көтеріліске үндеу» деп таныды, өлең несің астанада тұрғызбай, қыйыршетке — Кавказға әскери қызметке жіберді. Шындықты жырлайтын, халықтың қалаулы ақыны М. Ю. Лермонтов патшаға, патша үкметіне жақпады. Олар орыстың екінші ұлы ақынының да көзін жоюды ойлады. А. С. Пушкин сыяқты, оны да өтірік, өсектің торына шырмады.

А. С. Пушкин өлгеннен кейін төрт жылдан соң, 1841 жылы М. Ю. Лермонтов та Кавказда дуэль атысында қаза тапты.

Михаил Юрьевич Лермонтовтың өлгеніне 110 жыл толды. Ол небәрі 27 жыл-ақ өмір сүрді. Ол

ақындығы толықсып тұрған кезінде қайтыс болды. «Ол әлі де не жазған болар еді! Ол қандай ақындық сырды суық көрге өзімен бірге ала кетті екен. Бұл сырдың ұшығына кім жетеді... Батыр садағы жерде жатыр. Бірақ, амал не, оның адырнасын тартып, сұр жебені аспанға самғатар басқа қол жоқ,» деп жазды В. Белинский М. Ю. Лермонтов туралы.

М. Ю. Лермонтов қысқа өмірінде Россияның А. С. Пушкиннен кейінгі ұлы ақыны екенін жұртқа танытып кетті. Өр көңілді, терең



ОТАН

М. ЛЕРМОНТОВ

Сүйеім Отанымды таңғаларлық.
Шамам жоқ оны өзгертін жеңе аларлық.
Не оның қанмен сатып алған даңғы,
Сүйенген ер сенімге тыныштық салты,
Не бағы заманының өсеттері
Тербетіп, қыялым бір селт етпеді.

* * *

Сүйемін — неге сүйем? Өзім білем.
Сүйем үнеіз даласын құр мүлгіген.
Сүйем көлдей көлкіген өзендерін,
Қыйырсыз ормандарын тербетілген . . .

* * *

Ұнатам арба жегіп жол жүруді,
Жолшыбай жүргіншіге жолығуды,
Қыстақтың қайғылы әлсіз отын көріп,
Ұнатам қоналқы ақсап, зерігуді.
Ұнатам жанған мекен түтінін де,
Кіресіні далада қонған түнде,
Сары ала ну ішінде айнақ болып,
Көрсем өскен қойынды доң бетінде!
Қырман тола үйілсе алтын астық!
Қамыс, сабан жамылған ескі лашық,
Оюлған қақпағын, терезесін
Көрсем, маз боп қуанам көңлім тасып.
Мейрам күні қешқұрым бір топ мұжық
Бірі ысқырып, бірі ән сап, жүрсе қызып,
Тасырлатқан беймаза билеріне
Қараймын түні бойы, көріп қызық.

Аударған Қ. АМАНЖОЛӘВ.

ойлы ақын халықтың көңіл күйін, ауыр халін түсініп, соны өлеңмен дәл айтып бере білді, ол нағыз халық ақыны болды, Лермонтов өз замандастарының мәңгі өшпес бейнесін жасады.

Ол өз Отанын, Россияны, Отан астанасы — Москваны жан-тәнімен сүйген, ұлы патриот ақын. Ол өзінің «Отан» деген өлеңінде Отанды, туған елді сүюді ізгі қасиет деп біліп, Отанды сүюді барлық нәрседен жоғары қояды. Сол үшін де ұлы патриот ақынның асыл мұралары бізге, социализм қоғамының адамдарына, жақын, ыстық көрінеді.

М. Ю. Лермонтов — тек орыс халқының ұлттық мақтанышы емес, сонымен бірге ол біздің байтақ еліміздің барлық халықтарының ақыны. Әсіресе, оны қазақ халқы өзіне жақын тартып, өзінің төл ақыны санайды. Бұдан 60 жылдар бұрын ұлы Абай М. Ю. Лермонтовтың тамаша өлеңдерін ана тіліне аударып, халқының рухани керегіне жаратты. Ұлы Октябрь революциясынан кейінгі жылдарда оның таңдамалы шығармалары түгелдей қазақ тіліне аударылып, бірнеше рет кітап болып басылып шықты.

Қазақ балалары да ұлы ақынның шығармаларын өте сүйіп оқиды.

Суда жүзіп үйренек.



1-сурет



2-сурет.



3-сурет



4-сурет



5-сурет.



6-сурет.



7-сурет.

Суда жүзу — спорттың қызық бір түрі.

10—12 және 13—14 жастағы балалар жазғы демалыста лагерьде болғанда, кроль әдісімен қолды сыртқа шығармай жүзуді (1-сурет) үйренеді. Жүзуге жаттығу ісі жетекшінің басшылығымен жүргізіледі.

Суға бой үйрету үшін мына төмендегі жаттығулар қолданылады: суға батып отырып, демді сыртқа шығару, осы қыймылды 1-ден 20-ға дейін санағандай уақыт өткенше қайталау, су ішінде отырып көзді ашып қарай білу, су бетіне қалқып шығу (2-сурет). Суға батқанда және аяқты жазғанда, саспау керек. Су бетіне қалқып шығуды үйренгенде, судың денені серпитін кезеңін күте біл. Бұл үшін 1-ден 20-ға дейін ішіңнен сана да, содан кейін барып аяғыңды жаз. Суға бату жаттығуы мен су ішінде дем алу жаттығуды алма кезек жаса.

Су бетіне қалқып шығу тәсілін игергеннен кейін, аяғыңмен су түбін серпіп, кеудеңмен сырғып малтуды үйрен (3-сурет). Бұл жаттығуды судың ортасынан жағаға қарай жүзіп жасайтын бол. Мұнда бас екі қолдың ортасында болып, тік созылған қолдарың құлағыңа тиіп жүруге тиіс.

Бұл жастағы балалар кроль әдісімен жүзгенде, аяқтың қыймылына жағада отырып (4-сурет), осыдан кейін суда, екі қолды қайраңға тіреп жаттығады (5-сурет). Қашықтыққа малтый бастағанда (6-сурет), бір аяқты қана сермеп, қолға тақтай ұстап жаттыққан жақсы (7-сурет). Аяқты оңша қатты сермеу керек, бойыңды сірестіріп өзіңді зорлауға да болмайды.

Біз жүзу қыймылдарының тәсілін ғана атап өттік. Осыларды бұл жытпай орындап, жиі-жиі жаттығу жасасаң, жақсы жүзіп үйренесің. Жаттығу уақытында түсіңбегеніңді физкультура жетекшісінен немесе жоғарыдан сұрап ал.

